Дәмелі ҚҰСАЙЫНҚЫЗЫ

# Өнер өрге өрлетеді

Дәмелі ҚҰСАЙЫНҚЫЗЫ

# Өнер өрге өрлетеді

АҚСАЙ - 2007

**Қазақ халқының салт-дәстүрін, қол өнерін насихаттауда облыстық телевидениенің директоры Асыланбек Ғұбашевқа,**

**Ақсай қаласының бұрынғы-қазіргі әкімшілік аппаратына,**

**Облыстық, аудандық журналистерге,**

**Мәдениет саласына демеушілік танытып, қолдап белсенділік көрсетіп жүрген азаматтарға,**

**Сонымен қатар қол өнерді он жыл бойы насихаттауда еңбегін сіңірген «Ақсайгазсервис»тің қызметкері Балзия Сағынғалиқызы Ермұхановаға,**

**«Қарашығанакконтракт» ұжымының директоры Шүкірғали Сатқалинұлы Сапаровқа** *(киіз үйді халыққа енді көрсетпекші),*

**«Кристина» ұжымының директоры Барлық Қабжанұлы Меңдіғазиевке** *(кітапқа, киіз үйге қаржыны өз қолынан берген).*

**Менің талап-тілегімді орындап, әр кезеңде қолдап-демеп күш беріп отырған**

**отағасым зейнеткер-ұстаз Шапай Қажығалиұлына**

**ата-аналарын алақандарына салып аялап отырған бала-келін, қыз-күйеулерге шын жүрегімнен алғысымды айтамын.**

**Ширек ғасыр осы өнердің жарқырап көрінуіне бар күш-жігерін сарп етіп, артына өлшеусіз із қалдырып, бұл дүниеден ерте озған ақын, Қазақстан жазушылар Одағының мүшесі, тележурналист Ботакөз Баймұқанқызының иманы жолдас болсын.**



# МАҚСАТЫМ ҰРПАҚҚА ЖЕТКІЗУ

Мен Дәмелі Құсайынқызы 1938 жылы дүниеге келгенмін. Батыс Қазақстан облысы, Сырым ауданы Жосалы елді мекенінің қызымын. Әкем Есенбаев Құсайын соғыс құрбаны. Анам Есенбаева Бәтіш бес қызбен жесір қалып, бәрімізді өсіріп адам қылды. Қазір анам мен 4 қызы бақилық. Мен 1956 жылы Бұлдырты орта мектебін бітірдім. Жолдасым Қажығалиев Шапай жоғары білімді, Қазақстан Республикасының халық ағарту ісінің озық ұстазы атанған. Қазір зейнеткер. Он баламыз бар. Бәрі аяқтанған, білім алған, әр салада қызметте. Мен оқуға түсе алмағанмен көп оқып, көп ізденіп, өзіме рухани қажетімді жетілдіріп отырдым. Соның нәтижесінде 32 жыл жұмыс жасап (тәрбиеші-ұстаз), 1988 жылы зейнеткерлікке шықтым. Жүрген жерімде өлең жазып, қолөнерімен айналысып, қоғамдық жұмысқа белсене араластым. Істеген істерім, жазған өлеңдерім газет, теледидардан көрсетіліп, марапатталып отырды. Атап айтқанда 1972, 1980, 1983 жылдарда істеген істерім аудан, облысқа, 1990 жылы тігілген киіз үйім Алтамыда, кейін Мәскәудағы Бүкілодақтық халық шаруашылығы жетістектерінің көрмесіне апарылды. Екінші рет, 1992 жылы Сырым бабамызға ас беруде Алматыда құрылды. Киіз үйдің

іші-сыртын матаға ою салып қаптап - тігіп тәжірбе жинадым. 1998 жылы өмірге тағы сондай өрнекпен киіз үйді әсемдедім. Олардың бәрінің тозуына байланысты, 2003-2004 жылы мұражайға қалдыру мақсатында тағы киіз үй- дің іші мен сыртын оюлап тігіп, 2005 жылы Жеңістің 60 жылдығына үлгеріп жарыққа шығардым. 1972 жылғы Алматыға жіберген екі текеметімнің документі қолымда. (№ 147, 148 акт) екі беті де тұр. 1998 жылдан бергі қол өнерімді бейнетасқа жазып жүрмін. 2002 жылы «Әке» деген өлеңдер жинағы, 2004 жылы Жеңістің 60 жылдығына арналған «Мұра» атты кітаптарым жарық көрді.

2006 жылы «Елбасына» арнап тіккен киіз үйім жарық көріп, Ақсай қаласының Мәдениет үйі, Наурыз мейрамына құрып қабылдап алды. Өз қолымнан шыққан үш киіз үйімді, Ақсай қаласында 1996-2006 жылдардың аралығында өмірге келтіріп, облыстан, ауданнан халыққа ұсынып отырдық. Үш киіз үйімді, «Әке» атты кітабымның тұсау кесерін облыстық телеведение қызметкері марқұм журналист, Қазақстан журналистер Одағының мүшесі Ботакөз Баймұқанқызы теледидарға түсірді. Осы жұмыстың бәрін мен бейнетаснаға өз қолымнан көшіріп, көшірмесін Астанаға, Алматыға, Оралға, Ақсайға жіберіп, қолдайтын актілерді алып отырмын. Мақсатым ұрпаққа жеткізу.

Атырау облысының телевидениесімен байланыс жасап, Атырау қаласында 20 минут қол өнері туралы сұхбат бердім. Композитор Илья Жақановты жұбайы Тынышпен және Иманғали Тасмағамбетовты анасы Ділдә Матайқызын, үйге шақырып бейнетаспадан, Елбасына арнап тіккен «Шаңырақ» деп аталатын тұтас киіз үйдің іші-сыртын, Ақсай қаласындағы «Ақ жаулықты әжелер» тобымен, мектеп оқушылары отырған киіз үйімді көрсетіп, жоғары бағаларын алдым. Атырау қаласының мұражайына бейнетаспаның көшірмесін қалдырдым.

Осылай бастаған ісімді тиянақтап, айтпақ ойларымды тағы бір кітапқа қалдыру мақсатында «Өнер өрге өрлетеді» атты кітап шығаруды мақсат еттім. Осы үш кітабым ертеде марқұм болған Мәрия апамның қызы, Қадиша Керейқызының көмегімен, Орынбор қаласынан басылып отыр. Менің осы еңбегімнің жарық көруіне, ғұмырының 23 жылын мені көзінен таса қылмай ұшан-теңіз із қалдырып кеткен журналист Ботакөз Баймұқанқызының жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын демекпін.



**Батыс Қазақстан облысы**
**Бөрлі ауданының әкімі**
**Қайырғали Есенғалиұлы**
**ИМАШЕВ**

# ӨНЕРДІҢ АЛТЫН АРҚАУЫ

Қазақ халқының ұлттық қолөнері ел арасындағы он саусағынан өнері төгілген жандардың арқасында ғасырдан-ғасырға жалғасып, бүгінгі дәуірге дейін жетті. Әжесінен, анасынан үйреніп, бойына дарыған асыл өнерді жас ұрпаққа жеткізу жолында жұмыстанып жүрген аналарымыздың бірі - Дәмелі Құсайынқызы. Жастайынан қазақтың қолөнерімен айналысып келе жатқан ісмер ана, әлі күнге дейін қолынан ине-жібін тастаған емес. Дәмелі апай нақыштап ою ойып, өрнек салып, ұлттық киім тігуден басқа киіз үй жабдығын тігуді де әдетке айналдырған. «Істің жайын тіккен білер» дегендей, бұл іс асқан шыдамдылық пен темірдей төзімді қажет етеді. Әрбір салынатын ою мен өрнектің өзіндік нақышпен әдемі боп шығуы үшін зор еңбек сіңіру қажет. Дәмелі апайдың күйбеңі көп үй тірлігі мен мектептегі ұстаздық қызметінен қолы сәл қалт еткенде отыра қалып, талай уақыт көз майын тамызып тіккен киіз үйінің алғашқысы Мәскеудегі халық шаруашылығы жетістіктерінің көрмесінде, атақты шешен, батыр Сырым Датұлының 250 жылдық мерейтойында Алматы қаласындағы М. Әуезов атындағы драма театрында құрылып, туған өлкесінің мерейін асырды. Екінші киіз үйін сатып алған «Ақсайгазсервис» АҚ жиын-тойларда, ұлттық мерекелерде өз отауын құрып жүр. Үшінші қол туындысын ұлтымыздың батыр ұлы Махамбет Өтемісовтің 200 жылдық мерейтойына арнаса,

төртінші еңбегін Жеңістің 60 жылдығына орай Ұлы Отан соғысында хабарсыз кеткен әкесі мен туған жерге оралмаған боздақтарға иненің ізімен тұрғызылған ескерткіш ретінде ұсынды. Ісмер ананың түр салып өрнектеген екі текеметі республикалық қолөнер мұражайында сақтаулы.

Дәмелі Құсайынқызы өзі дайындаған колөнер бұйымдарын бейнебаянға түсіріп, оны келер ұрпаққа аманат етіп, Бөрлі аудандық өлкетану мұражайына тапсырды. Бұл бейнебаянның көшірмесі Астанадағы республикалық мұражайға жіберілген жерінен өнертанушы азаматтардың қолына түсіп, «Қазақ мұражайлары» журналында Дәмелі апайдың киіз үйлері туралы мақала жарық көрді. Дәмелі Құсайынқызы халқымыздың асыл өнерін дамытып, еліміздің «Мәдени мұра» бағдарламасын жүзеге асыруға зор үлесін қосумен қатар, он бала тәрбиелеп өсірген ардақты ана, өмір көшінен қалмай, түрлі тақырыптарға қалам тербеп жүрген жаны нәзік, жүрегі жұмсақ ақынжанды адам. Ақын ананың өлеңдері аудандық, облыстық, республикалық басылымдарда жарық көрді. Қолы босай қалғанда, домбыра шертіп, ән шығаратын сазгерлік қабілеттен де кенде емес. Өзінің жан-жақты қасиеттерін ақын ана:

«Он балалы болғасын батыр дейді,
Өлең жазып жүргесін ақын дейді,
Жас кезімнен оюмен айналыссам,
Халқым мені өнерге жақын дейді»
деп жыр жолдарымен сипаттайды.

Кәрі тарих пен жас ұрпақтың арасына алтын көпір боп жүрген ұлағатты ұстаз, абзал ана, ісмер жанға жақсылықтар мен барлық бастамаларына сәттіліктер тілеймін.



**Батыс Қазақстан облысы Сырым аудандық «Қайнар» газетінің бас редакторы, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, ақын. Махмет ҚАЖИАХМЕТОВ**

# ДАРХАН ДАЛАНЫҢ ДАРЫНДЫ ҚЫЗЫ

Жалынды ақын Абдолла Жұмағалиев туған қасиетті Жосалы топырағында дүниеге келген Дәмелі Құсайнова қазақтың сирек кездесетін дарынды қызының бірі.

Саусағынан өнері - жүрегінен өлеңі төгілген Дәмелі апамызды сонау сексенінші жылдардан жақсы танитын едім. Сол жылдары ауданның атағын шығарып аудандық, облыстық ақындар айтысына, әдеби мүшәйраларға қатысып кредо қалыптастырып қалған саусақтың саласындай он шақты ақын бар едік. Олар Жаңыл Жұрмағамбетова, Асқар Сұлтанов, Дәмелі Құсайнова, Ораз Қарекенов, Қама Хабиева, Бақтығали Тілегенов, Кәкім Самихов, Есен Баймұхамбетов, Қайыржан Ғайсағалиев сияқты шетінен сөз өнерінің сол кездегі сайыпқырандары еді. Жазушы Бақтығұл Ойшыбаев редакторлық ететін аудандық «Қызыл ту» газетінің әдеби беттері, осы ақындардың өлеңдерісіз шықпаушы еді. Дәмелі апайдың әр өлеңі өмірінен алынатындығынан болар, аудан оқырмандарына тез танымал болды. Апайдың майданнан оралмаған әкесіне арналған әке туралы сериялы өлеңдері газет бетіне жарияланады. Оны толқымай тебіренбей оқымаған жан болмаушы еді. Әсіресе, әр перзентке тән әкеге деген сағыныш, махабаттын оятатын сыршыл жырларының әсерлілігі сондай, ақын апаларына еліктеп әке туралы жазған оқушылардың өлеңдері редак-

цияға нөпір-нөпір түсетін. Солардың ішінде тым тәуір талабы барлары Дәмелі апайдың өлеңінен үзінді өлеңдерінің басына келтіріп әке туралы шығармаларын жолдаушы еді. Кейін апайдың осы сериялы өлеңдерінен тұратын «Әке» атты кітабы жарық көрді. Аудандық кітапханаларда түскен «Мұра» атты кітабын мен де оқыдым. Қатты қуандым. Бұл кітапта аудан, облыс, республиканы қойып Москва қаласына дейін барып, қазақ халқының керемет ұлттық болмысын танытатын қол өнері көрмесін кім білмейді. Қазақ ұлтының символы іспетті киелі киіз үйдің жасаулы салтанатын баршаға паш етті. Ардақты ана, ұлағатты ұстаз, өлең сөздің зергері ақын, бармағынан бал тамған шебер Дәмелі Құсайнқызының ерекше дарын иесі екенін жымпитылықтар ерте мойындаса, бүгінде облыс, республика өнеріне тәнті. Анау-мынау азаматтың қабілет-қарымы жете бермейтін өнердің ауыр жүгін арқалаған Дәмелі апаның еңбекқорлығына, бойындағы ата-бабадан дарыған асыл қазыналарын жас ұрпаққа өнеге етсем деп дамыл көрмейтін төзімжігеріне қайран қалмайтын шараң жоқ. Осы сөзіміздің дәлеліндей ақынның үшінші кітабы баспаға беріліп отыр. Кемел жасқа келгенде жүрек түбінен қайнап шыққан Дәмелі ақынның шымыр өлеңдері халқымызға қызмет ете берсін. Ұрпаққа ұлағаты мол жаңа кітап ел игілігіне қосылар қазына болсын.



**Батыс Қазақстан облысы**
**Бөрлі аудандық**
**мәслихатының хатшысы**
**Ибрагим Тайырұлы**
**ІЗМАҒАМБЕТОВ**

# ҚОЛӨНЕРІНІҢ ШЕБЕРІ

Қоғамдық сананың қалыптасуы, ұрпақ тәрбиесі, ұлттық тарихты көтеру, халқымыздың баға жетпес бай мұрасымен сусындау - мәдени мұраның негізгі бағыттары болып табылады. Осы орайда, көп балалы батыр ана, ақын, әрі шебер Дәмелі Құсайынқызының мәдениет саласына қосып келе жатқан үлесі ұшан-теңіз. «Сегіз қырлы, бір сырлы» деген атауға сай шебер ана қолынан шыққан киіз үй жасаулары мен құралдары көз жауын алардай көркем. Дәмелі Құсайынқызының қыл қаламынан туған төл туындылары баспасөз бетіне басылып, халық арасына кеңінен таралуда. Ұлағатты ұстаз, ардақты ана, қолөнер ісінің хас шебері бола білген парасатты жанға шын жүректен өнеріңіз сарқылмай, әлі де талай жетістектерге жете беріңіз деген жылы лебізімізді қабыл алыңыз.



**Бөрлі ауданының әкім аппаратының орынбасары Талғат Рахымұлы НЫҒМЕТОВ**

# СЕГІЗ ҚЫРЛЫ БІР СЫРЛЫ

Қазақ халқы өзінің ғасырлар бойы қалыптасқан көшпелі тіршілігіне орай күнделкті қолдануына қолайлы, қол өнерінің небір ғажап үлгілерін жасаған. Ұрпақтан - ұрпаққа мирас болып келе жатқан ісмерлік өнер халықтың арасында мол сақталған. Осындай ісмер жандардың бірі қазірде Ақсай қаласында тұрып жатқан Дәмелі Құсайынқызы. Дәмелі апайдың қолынан шыққан киіз үйдің жалау - жабдықтары, тұрмыстық бұйымдары, ұлттық киім үлгілері өзінің сән-салтанатымен, кестелеу, әсемдеу мәнерімен ерекшеленеді. Олар бұрын да, қазір де түрлі ұлттық мерекелерде жұртшылықтан талай-талай жоғары бағасын алып келеді. Он бала тәрбиелеп өсірген жан, ұлағатты ұстаз, бір басына біраз өнерді жинақтаған «Сегіз қырлы бір сырлы» Дәмелі Құсайынқызы өлең де жазып, өзі жазған өлеңдеріне саз шығарып, оны домбыра үніне қосып, ән де салады. «Ақ жаулықты әжелер» байқауының бірнеше дүркін жеңімпазы, облыстық, аудандық ақындар айтыстарымен жыр сайыстарына қатысып, жүлдегер атанып, диплом, мақтау қағаздарымен марапатталды.

Батыр ана, ақын ана, абзал жан Дәмелі Құсайынқызына айтылар алғысымыз мол.

Қазақ халқының мәдени мұрасын байыту мен өркендетудегі еңбегіңізге жаңа шығармашылық табыстар тілейміз.



**Қазақстан Республикасының Журналистер одағының мүшесі, ақын-журналист, облыстық теледидардың бөлім меңгерушісі Ботакөз БАЙМҰҚАНҚЫЗЫ**

# АҚ АПАМ, ПІР АПАМ

Дәмелі Құсайынқызын бір көрген жан әйел затының ширақ қимылына таң қалар еді. Ортадан жоғары, сұңғақ бойлы, сөзге шапшаң қимылы да шиыршық атып тұрған жанды, көп әйелдің бірі екен деу қиын.

Сонау 1970 жылдары Сырым ауылының мектептерінде қызмет жасап, ел рухын өнерімен көтерген Дәмелі Құсайынқызының шығармашылығының ерекшелігі көне қолөнері болса, ақындығы мен сазгерлігі және бар.

Сап алтын болмасам да,
Алтынның сынығымын.
Сайрайтын анда-санда
Даланың бұлбұлымын-

деп аталатын өзінің өлең сөздерін домбыраға қосып айтқанда әсем дауысы, саз мәнерімен ырғақ тауып, әп-әсем ән тыңдайсыз. Ал бұл үлкен өнер.

Даланың кең жазирасын әнімен елестете отырып, анамыз қолынан домбырамен бірге ине-жібін де тастаған емес. Бұл көйлегінің жеңін тіге алмай жүретін кейбір әйелдер үшін таптырмас мектеп.

Алғаш мен апаймен қызмет бабында іс сапармен мектеп шеберханасындағы қолөнері арқылы таныстым. Бұл 1983 жылдары. Содан бергі аналы-балалы кісілердей арамыз суыған емес. Он бала мен Шапай ағамыз секілді азаматтың бабын табу да оңай емес. Бірақ Дәмелі Құсайынқызы сырлы аяқтай тас түйін бола жүріп, бар шаруасын оқсатады.

Сырым бабамыздың 150 жылдық мерекесі, 1990-шы жылдар, дүкендерде толған зат жоқ болып, «өліара» тұстың қоғамды қоршаған шағы. Сол уақытта Дәмелі Құсайынқызы бірінші рухын биік ұстап, өлең жазды. Одан соң мата, қайшы, мақпал, жібін тауып, ою-өрнекпен той жабдығын қамдады. Махамбет

бабамыздың сарбаздарының ат-әбзелдерін тікті, міне, ерлік. Ол уақытта бұл маңда ою оятын жан жоқтай да еді.

Қазақтың марғасқа ұлдары Әбіш Кекілбаев, Мырзатай Жолдасбеков, Кадыр Мырза Әли т.б. жандарға сол тойды біз көрсеттік.

Ел қабағы түзелген шақта апамыз Ақсай қаласына келді. Зейнеткерлігі себеп, бала шағалары кенді өлкеге ауысты. Содан жылы да жарық пәтерде не істеймін деп, Дәмелі Құсайынқызы ағаш үй даярлады. Оған талай келін түсіріп, кезінде «Ақсайгазсервис», ауданның басшылары (Атырау азаматтары) шеберлікті танып, ағаш үй жабдықтарымен көрінген, Дәмелі Құсайынқызына көрме ұйымдастырып, теледидар шақырып, жыл сайын Наурыз тойында киіз үй тікті. Оны ел көріп, ұлт дәстүріне сүйсінді. Кейін ондай үйлерін қайталап Дәмелі Құсайынқызы тәуелсіз Қазақстанның 15 жылдығына орай Елбасы Н.Ә. Назарбаевқа арнап алты қанат үй жабдықтады. Ақсай қаласындағы өзге ұлт өкілдері, мектептер бұл тамашаға қарап, ақыры бір ағаш үйді Мәдениет үйіне алып, екінші қабаттағы фоэге тікті.

Ол ұлт саясатының темір қазығы боп аудан орталығында тұр. Ауданға келген мейман бірінші сол үйде қарсы алынады. Ақ ауыз тиіп, елге тағзым жасайды. Елдіктің басы да осы емес пе? Ол үшін аудан әкімі Қайырғали Имашевқа алғысымыз зор.

Шапай азамат та Дәмелі Құсайынқызың өнерін жоғары бағалайды. Әр кез дем беріп, алған жарының әр қимылына, істеген ісіне, жүріс-тұрысымен елге деген сенбес махаббатына риза болады. Өйтпегенде ше? Алтын асықтай он бала тауып, жарын қызықтап, оларға дұрыс тәрбие беріп, әр қайсысын әр шаңырақ еткенде, Ананын ролі басым жатқан жоқ па?

Сонда да Дәмелі Құсайынқызы Алла берген қасиетін жоғары ұстап қадірін де түсірмей, існерлігін, шеберлігін, ақындығын, сазгерлігін, орындаушылығын қатар алып келеді. Әр ісін өз орнымен пайдаланады. «Әке», «Мұра» атты кітаптары Орынбор баспасынан жарық көріп жатыр.

Елбасымыздың мәдени орталыққа шоғырландырған ұлт сипатының ерекшелігін көрсетер мұрағаттары ішінде Дәмелі Құсайынқызының да мұралары тұр. Алматы мұражайында апамыздың қолдан басқан ақ-қара текеметтері орын алған.

Кезінде Мәскеу барған бұл қолөнері, әлі де өз бағасын алған жоқ. Оны көрер көз керек. Істеген іс, елге, өнерге деген ниет Дәмелі Құсайынқызының тарапынан мол. Біздің қоғам қатардағы аналардың қадір-қасиетін жоғары бағалайды. Біз тек сол сатыға әлі Дәмелі Құсайынқызын көтере алмай келеміз.

Ол енді жергілікті әкімшіліктің, ішкі саясат бөлімі мен мәдениет басшыларының жұмысы. Біз журналистер қауымы жазып, көрсетіп, барымызша айтып бағамыз.

Сәт-сапар, Дәмелі Құсайынқызы!

Сіздей жігермен он саусақ, ақ білек пен қайтпас жүрек қазақтың әр әйелінде болса деп тіледім.



**Алматы қаласы № 3 кәсіптік лицейдің қазақ тілі және әдебиет пәнінің оқытушысы**
**Райхан Керімбекқызы**
**ОРЖАНОВА**

# ПІКІР

Ой еңбегі мен қолөнерге ерекше көңіл бөлген әрі ақын, әрі халық шебері Дәмелі Құсайынқызының «Мұра» кітабы автордың ұлы мұрат-міндеттерінің ең бастысы - өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, сапалы ұрпақ тәлім-тәрбие, келешек қоғам қамын ойлау мақсатында жазылған мақалалар мен өлеңдер жинағы болып табылады.

Кітапта Дәмелі - ақын ана жүрегімен жырлаған қоғамдық өмірдің сан-салалы өзгерістері мен ескен жырлары, басынан өткен оқиғалары әсем жыр болып ақтарылған.

Сондай-ақ, тіліміз бен өнеріміздің, ізгілік пен отбасылық ғұрыптың жаршысы, дана ғөй әженің ақын сөзі барлық жұрттармен терезесі тең егемен еліміздің ұлы мұраттарына мейірім шуағын шашып тұрғандай.

Дәмелі Құсайынқызы бір басына біраз өнерді жинақтаған сегіз қырлы, бір сырлы, он саусағынан өнері төгілген іскер дана ғөй ақ жаулықты әже. Қазақтың қайталанбас киелі қол өнерін ұштап, кешегіден бүгінге жалғастырған, асыл өнердің құдіретін асқақтатып көрсете білген.

Қазақтың киіз үйі - сәулет өнерінің шыңы. Ол киіз үйдің бүкіл ішкі-тысқы ою-өрнектері мен әбзелдерін тігіп, іскерлік өнердің өзіндік мектебін қалыптастырды, сол арқылы қазақ тарихы мен өнерін зерттеуші қауым игілігіне жарайтын дүние болары сөзсіз.



**Батыс Қазақстан облысы Бөрлі аудандық орталық кітапханалар жүйесінің директоры Айкенже Ахметқызы ТАСИМОВА**

# ОН САУСАҒЫНАН ӨНЕРІ ТАМҒАН

Дәмелі Құсайынқызы он саусағынан өнері тамғанісмер. Әрі ақын, әрі батыр ана Дәмелі Ұлы Отан соғысынан оралмаған әкесінен жастай қалды. Ана мен әже тәрбиесінде болған. Балалық шағы соғыс кезеңіне келген және соғыстан кейінгі ауыр жылдарды басынан өткерді. Жүн түтіп, жіп иірді, қолғап-шұлық тоқыды.

Жас кезінде әжесінен, анасынан үйренген қол өнерін жалғастырып, күні бүгінге дейін кейінгі ұрпаққа өнеге етіп келеді. Ол киіз үйдің ішкі-сыртқы ою өрнектерін, ат әбзелдерін тігіп дайындап, пайдалануға береді. Осы Ақсай қаласына келгелі үш киіз үйдің ішкі-сыртқы ою өрнектерін тігіп, соңғысын Мәдениет үйінің екінші қабатындағы «Ақ жаулықты, әжелер» бөлмесіне құрып берді.

Бір басына біраз өнерді жинақтаған Дәмелі Құсайынқызы өлең де жазады, өзі жазған өлеңдеріне саз шығарып, оны домбырамен орындап жүр.

Батыр ана, ақын, қол өнерінің шебері, зейнеткер Дәмелі Құсайынқызы 7 сәуірде 69 жасқа толды. Жасы келіп, үлкен шаңырақтың бір иесі, балалы-немерелі болса да қарап отырмай, өлеңін жазып, ою-өрнегін, үй жабдықтарын тігіп, қатарынан қалмай, аудан, қалада өтетін әртүрлі шараларға белсене араласып келеді. Дәмелінің Ресейдің Орынбор қаласындағы «Южный Урал» полиграфиялық-баспа кешенінен 2002 жылы «Әке», 2005 жылы «Мұра» атты екі кітабы басылып шықты. Бұл кітаптарды ауданның барлық кітапханаларынан табуға болады.

# ЖАРТЫ ҒАСЫР ЖҰПТАСҚАНДАР



Жас құрақтай жайқалған он бала тәрбиелеп, ұлын ұяға, қызын қияға қондырып, олардан өрбіген немере-жиендердің ортасында бақытты өмір сүріп отыған Шапай және Дәмелі Қажығалиевтердің шаңырақ көтергендеріне бұл күндері елу жыл толып отыр.

Жарты ғасыр бойы жарасымды тірлік кешкен жанұяның тірегі Шапай Қажғалиұлы ұзақ жылдар бойы ұстаздық етіп, бар саналы өмірін бала тәрбиесіне арнаған жан. 1952 жылы «Құрмет белгісі» орденді Орал педагогикалық институтының физика-математика факультетін тәмамдап, туған топырағы Бұлдыртыда мұғалім боп еңбек етіп жүрген кезінде бүгінде шаңырағын берекесін келтіріп, ұйытып отырған жұбайы Дәмелі апайды кездестіріпті.

Шаңырақтың отанасы, ақын Дәмелі Құсайынқызының есімі аудан халқына кеңінен таныс. Ол - күні бүгінге дейін қолынан қаламы мен ине-жібін тастамай, ұлттық қолөнеріміз бен туған тілімізді дамытуға зор үлес қосып келе жатқан ардақты ана. Дәмелі апай аналық жүрегінен шыққан жырларымен тәуелсіз елімізде болып жатқан өзгерістер мен үрдістерге үн қосып, жас ұрпақты өз елін сүюге шақырады. Өзі жазған өлеңдеріне ән шығарып, оны домбыраға сүйемелдеп айтатын да өнері бар. Инабаттылық, адамгер-

шілік, имандылықты өзек еткен ананың жырлары «Әке», «Мұра» деген екі кітаптың өн бойына өзек болды. Ал он саусағынан өнері төгілгенісмерлігі өз алдына. Әжесі мен анасынан үйренген қазақтың қайталан бас киелі қолөнерін ұштап, көз майын тауыса отырып, төрт бірдей киіз үйдің ішкі-сыртқы жабдығын даярлаған алтын бармақ ананың туындылары Алматы, Мәскеу қалаларындағы көрмелерде талайды тамсандырып, бұл туралы аудандық, облыстық, республикалық басылымдарда жазылды. Атақты ақын Мұхтар Шахановтың «Жұбайлар бар әңгімесі таусылған, ал махаббат -таусылмайтын әңгіме» дегеніндей, әңгімесі де, әні де, сәні де өзара жарасым тауып, елу жыл жұптасып тату-тәтті өмір сүріп отырған жұбайлар ең алғаш тілектері тоғысып, жүректері табысқан сәттері туралы естеліктерімен бөлісті «Ол кезде қазіргідей «иномарка» дегендер жоқ. Күні кешегідей есімде, желтоқсанның 4-інде ат-шананы жегіп, осы апаң тұратын Жосалыға қарай жол тарттым. Күн боран болатын. Сол күні жете алмай, жолда Коминтерн ауылындағы бір танысымыздың үйіне қонып, діттеген жерімізге 5 желтоқсанда азар жеттік. Дәмеліні шанаға салып алып, 6 желтоқсанда үйге құладық», - деп есіне алады Шапай ағай. «Біз қыз бен жігіт болып жүргеніміз жоқ. Мектеп бітірген соң үйде жүрген маған, қазіргі отағасым сөз салғанда, «Мен ештеңе білмеймін, анаммен сөйлессеңізші» деппін. Ата-ана тәрбиесінен шыға алмайтын кезіміз ғой. Ол кезде ағаң мұғалім боп істеп жүрген-тұғын. Анамның келісімін алған соң құда түсіп, екі айдан кейін келін боп түстім. Біздің арамыздағы бар сүйіспеншілік осы болды. Құдайға шүкір, жаман болғанымыз жоқ. Балаларымыздың барлығын да оқыттық бүгінде олар бір-бір мамандықтың иесі, әрқайсысы өз алдына үй болып, түтін түтетіп отыр», - дейді тәубасын аузынан тастамаған Дәмелі апай. Шаңырақтарындағы шаттықты жырға қосқан ақын ана:

«Шыдамдылар арманға түбі жеткен,
Жетпестіктің бұл күнде күні кеткен,
Алтын тойдың иесі болдық, тәуба!
Қыл көпірдің үстімен жүріп өткен»
деген шумақпен білдірді.

Алтын той иелеріне зор денсаулық таусылмас бақыт, балалары мен немере-жиендерінің қызығын көре беріңіздер дейміз.

**Айгүл ҚҰСАНОВА**



Дәмелі Құсайынқызы екінші тігілген киіз үйдің жанында




«Арулар-асыл жандар» әкімшілікте марапатау



Дәмелі Құсайынқызы, Ділдә Матайқызы (Иманғали Тасмағамбетовтың анасы), Шапай Қажығалиұлы, композитор Илья Жақанов




**Жеңістің 60 жылдығына арналып тігілген киіз үйдің ішінде «Ақ жаулықты әжелер» тобымен ортада соғыс ардагері Шәкен аға**



**Наурызда «Ақсайгазсервис»тің қызметкерлері**



**Дәмелі Құсайынқызы, композитор Дон-Еділ Қажымов, Ақсай қаласының әкімінің орынбасары Талғат Рахимов**



**Композитор Илья Жақанов алдында немерем Әлина, оң жағында жұбайы Тыныш, сол жағында Ділдә Матайқызы**



**Наурызда.**
**Дәмелі Құсайынқызы, Ақжамал қызы Салтанатпен**



**Дәмелі Құсайынқызы немерелері Гүлім мен Жанар**



«Елбасына» арнап тігілген киіз үйдің тұсау кесері.
Ақсай қаласының әкімінің орынбасары Талғат Рахимов пен
композитор Дон-Еділ Қажымов



Батыс Қазақстан облыстық өлкетану мұражайының директоры
Сара Танабаева мен Дәмелі Құсайынқызы



Атырау облыстық телевидениянық қызметкерлері Разия, Жеміс, Дәмелі Құсайынқызы, немерелері Әлина мен Кәмила



Ақсай қаласының спорт басшылары (ортада) журналист Айгүл Ахметова



«Қызылтал» ортамектебінің музыка пәнінің ұстазы
Дәулетқалиева Валентина Сайранбайқызы,
Дәмелі Құсайынқызы, келіні Лаура Бақытқызы



Біздің аулада



Ақсай қаласындағы өткен күйшілер тобының сараптамасынан көрініс



2003 жылғы «Елбасына»
арнап тігілген үшінші киіз үй



Дәмелі Құсайынқызы
өзі тіккен киіз үйдің ішінде



Киіз үйдің төбесі



Киіз үйдің ішкі үздігінің бөлігі



Көрпелер



Текемет



«Сандық» керегеге іледі



«Қошқар мүйіздің» шет оюы



«Қошқар мүйізді» ою

«Бір шаршы» қолтықша ою





Тұскиіз

# БІЗБЕН ТОҚУ



1-сурет. 2-сурет. 3-сурет. 4-сурет. 4, а-сурет. 5-сурет. 5, а-сурет. 6-сурет. 6, а-сурет. 7-сурет. 7, а-сурет.

8-сурет. 8, ә-сурет. 8, а-сурет. 8, б-сурет. 9-сурет. 10-сурет. 10, ә-сурет. 10, а-сурет.

*(Бізбен тоқу тәсілдері 97-105 беттерде)*

11-сурет.



12-сурет.



12, а-сурет.



13-сурет.



14-сурет.



14, а-сурет.



15-сурет.



15, а-сурет.



16-сурет.



17-сурет.



18-сурет.



19-сурет.



19, а-сурет.



20-сурет.





20, а-сурет.

21-сурет.



22-сурет.



23-сурет.



24-сурет.



25-сурет.



26-сурет.



27-сурет.





***Мына суретте 1983 - 1993 жылдары Аралтөбе ортамектебінде еңбек еткен кезім көрсетілген. Оқушылар еңбек пәні сабағының үстінде.***

***Сабақтың бағыты оқушыларды бастапқы қолөнерінің негізімен таныстыру. Қолменен іс тігу, кесте төгу, бізбен өрмек тоқудың әртүрлі тәсілдерін үйрену кезеңі.***

***Сонымен қатар ұлттық киім пішіп және тігудің атауларын көрсету. Түрлі түсті ою-өрнекті қағаз бетіне түсіріп соларды тігіп игеру мақсаты.***

***Еңбек пәнінің бөлмесі оқушылардың қолынан шыққан қолөнерілерімен және пән сабағының таныстыру үлгілерімен безендірілген.***

# ҚОЛМЕН ІС ТІГУ, ОНЫҢ АТАУЛАРЫ МЕН ТӘСІЛДЕРІ

## КӨКТЕП ТІГУ

**Аттатып тігу**

Екі енді немесе екі қиықты біріктіріп аттатып тігуді **көктеп тігу** деп атайды.

Киімді тіккеннен кейін адамға кигізіп қарап артық-кем жерінінің мінін көру үшін алдымен пішкен киімді көктеп алады.

## ТЕПШІП ТІГУ

**Тепшіп тігу**

Енді немесе қиықты тепшіп тігіп біраз кие беруге болады.

## ҚАЙЫП ТІГУ

**Қайып тігу**

Істі қолмен машинамен тіккендей етіп тігеді, оны қайып тігу деп атайды.

## ЖӨРМЕП ТІГУ

**Жөрмеп тігу**

Енді немесе қиықты тігістің бетімен осындай әдіспен тігуді жөрмеп тігу дейді.

## ШЫМЫРЫП ТІГУ

**Шымырып тігу**

Жалаң немесе қабат ұстап шымырып тігу дейді.

## ҚАБУ

**Қабу**

Көрпені жүні жан-жағына бытырап кетпеу үшін қабып тігеді. Алдымен тігістің арасын 5 см дей ара қашықтықта көктеп алады, содан кейін қабитын жолды көктеудің бойымен инемен сызып алады. Содан кейін қабиды. Инені аттаып қайығанды қабу деп атайды.

# МАХАМБЕТТІҢ САРБАЗДАРЫ

Мына суреттегі 1983 жылы әзірленген Махамбет Өтемесовтің сарбаздарының үстіндегі киімдерін нендей құралдан тігілгені болашаққа керек болар деген ойменен талдап жазғалы отырмын.

Ат үстінде бес қаруын асынған сарбаздың біреуі. Сарбаздың басындағы **дулығы**, алдындағы дөңгелек **оқ қағар қалқан**, айқұш-ұйқыш асынғандары садақтың оғын салған **қорамса** (ішінде садақтың оғы бар). Екі метрден астам (ұзындығы) **найза** болуы керек еді, ол аржағындағы сарбаздан көрініп тұр. Арқасындағы **садақ шоқпарын** арғы жағына ілген болу керек.



Дулығы, белбеуі (оюланып) дермантинмен тігіліп, бронзамен сырланған. Үстіндегі сауытты қара жұқа матадан, сауытқа ұқсатып тігіліп, сыммен тоқылған сияқты етіп, бронзамен сырланған.

Махамбетт пен Исатайдың суреттері Аралтөбе ауылының (Сырым ауданы) әкімі Нүрпейсов Болатта болуы мүмкін. Исатай Тайманов болып Орынбасар Убанов (марқұм) киінген. Оның балаларының үйінде сақталуы мүмкін. Ол екеуінің сауыты әдейі тоқылып (қағаз шнурдан) бронзамен сырланған. Біреуінде ат жабуы болуы керек.

Сарбаздың бес қаруын осы ауылдың біраз адамдары өз қолдарымен жасаған болатын. Өкінішке орай, олар сақталмаған. Тігетін заттың бәрін мен тіктім, екі сауытты қалай тоқу керектігіне көмектесіп бағыт бердім. Менің қолымнан келсе де уақытыма соқпайтын заттарды

1. **18 қамшы** өру, оны саптап беру.
2. **20 садақ**.
3. **20 қорамса**.
4. Әр қорамсада бірнеше **оқтар,** құстың қанатынан әдіптеген.
5. **20 шоқпар.**
6. **20 найзаны** ауыл тұрғындары әзірледі.

Жиырма атқа қонған сарбаздардың театр-ланған көрінісі осыдан құралған еді.

## ӨНЕРДЕ ШЕГАРА БОЛМАЙДЫ

Өнер өзін бағаланған адамға қонады. Өнер адамын халықтың құлы десе де болады. Өнер кімге қонса да, оның айтарлықтай азабы мен қуанышы, сәттілігі мен сәтсіздігі қатар жүреді.

Өнер өзін қыстағанда, өнер адамының жан азабы, толғағы мен толғанысы жанын қоярға жер таптырмайтындығы, сөйтіп қиналып шағарған дүниенің халқының қажетіне жарағандығын көргендегі, оның өзіне ризашылық сезімі қат-қабат өріліп жатады. Өз киіміңді өзің тігіп кию де өнер.

Өнер адамының айрықша қасиеттері, оны өзге адамнан ақыры айырып тұрады. Ол өзінің ішкі сезімдерімен өзгелерге біліну қояды. Оның дерті яғни шабыты келген сәті, кейде оны ешкім танымастай күйге түсіріп жіберуі мүмкін. Осы тығырықтан жол тауып шыға алған өнер адамы, өз ойын жүзеге асыра алады. Қалай шығудың жолдарын таба алмаған өнер адамы басын жарға соғуы, тіпті ауруға ұшырауы мүмкін. Енді осыған мысал келтірейін. Халық атам заманнан оюшыларды шебер деп келеді, әлі де солай дейді. Оюдың басқа өнер секілді күйтырқысы өте көп. Ал осы өнермен арпалысқан адам, мына менің азабым да басымнан асып кетті десем де болады. Бір көлемді дүниені бітіргендей болдым. Енді оны жарыққа шығара алмай екі жыл азап шектім.

Менің ішімнен шыққан ала жыландар төрт киіз үйім ғой. Соның біріншісінің 1990 жылғы киіз үйдің азабынан, 2003 жылғы киіз үйдің азабы басым түсті. Іс бітіп үйде екі жыл тұрып қалды. Күндіз саумын. Кешке жастыққа басым тисе болды қылғынып, тамағым шулап ұйықтай алмайтын халге жеттім. Созылып бара жатыр. Түнде әр екі сағат сайын қылғынып атып тұрам. Енді күндіз төсегім жиылмайтын халге жеттім.

Бір күні таңғы алтыға дейін әрең шыдадым. Сағат алты. Шырт ұйқыдағы Ботокөз Баймұқанқызына қоңырау шалдым. Бұл 2005 жылдың басы. Ботокөз облыстық теледидарының журналисі ғой. «Бота, мен өліп барам», олайбұлай болып кетсем, ана киіз үйді жарыққа шығарарсың деп едім, оның «өнер буып жүрген болды ғой» - деген сөзін телефоннан құлағым шалып қалды. Шынында да солай болуы мүмкін екені есіме неғып келмеген. 1990 жылы басымнан

бір өтіп еді ғой. (Бұл жөнінде кейін айтармын).

Екі күннен кейін Ботокөз қоңырау шалды. «Апа тұр, өлеңіңді жаз», бір-екі күннен кейін барам деп. Екі күннен кейін келіп «Елбасына» арнаған киіз үйді теледидарға түсіріп, Орал қаласынан көрсетті. Содан кейін менің де бетім бері қарай бастады. Бұны бір дейік...

Алғашқы тіккен киіз үйім көзге түсіп, 1990 жылы көктем айында Москваға барған болатынбыз. Қорытындысын күзде Алматыда айтатын болды. Күз келіп, оқу басталып кетті. Біздің үйге ауданнан ел басқарып жүрген азамат пен азаматша келіп, менің ұсынған шайымды ішіп отырып, осы совхоздың киіз үйін сұрап, алып кетуге келгендігін айтты. Ол киіз үйді мен тіккенмен ол совхоздың киіз үйі еді. Менің беру-бермеуге хақым жоқ. Олар кеткесін ертеңіне маған Орал қаласынан қоңырау шалды. Алдында Москваға осы киіз үймен барған қыз.

«Апа киіз үйменен Алматыға баруымыз керек. Киіз үйге машина жіберем, біздер Алматыға ұшақпен ұшамыз» - деп. Киіз үй аудан орталығынан тиеліп кетіп қалды. Енді не істеу керек. Артынан барғанмен, маған қажетті адамдар таптырмады. Мен сол жолы Алматыға бара алмай қалдым. Менің сондағы қатты қиналғаным, киіз үйсіз оралдықтардың Алматыға бара алмағаны. Мен сол киіз үйді әдейі беріп жібергендей, сол уайымнан тамағыма без тұрып қалды. Өлең жайына қалды, қолыма қайшы да ұстай алмай қалдым. Қыс бойы сол тамағымда тұрған безбенен әуре болдым. Қылтамақ дейін десем тамақ жүреді. Бірақ бір аттам жер жүрсем, тынысым тарылып қалады. Жаз шыға ауыл дәрігеріне бардым. Осындай ауру деп. «Уайымнан шығар» - дейді дәрігер. Осы тұста жұрт халық емшісіне шұбырып жатты. Булан ауылында тұратын Мәрия деген емшіге барып қаралғаным, оның жауырымды, кеудемді сыйпағаны сол екен, автобусқа отырысымен төрт шумақ «Газетіме сыр» - деген өлең келіп, соны жазып редакцияға қалдырып кеттім. Өнердің азабы жайлы екі мысал келтірдім. Ондағы айтпағым «Өнер адамы - халықтың адамы. Ондай адамды қолдап, жолын кеспей көмектесе көріңдер» - дегім келгені.

Халықтың арасында көрінбей жүрген талай өнер адамдары бар. Әншілер амалсыздан түнгі «Кафелерге» шығып ән айтып жүр. Оларды сахнадан көрсек өнерлерін ұштар еді. Талай өнер адамдарының жарыққа шығуларына мүмкіндіктері болмай қалғаны қынжылтады.

# ҚАҚПАҒЫ АШЫЛМАҒАН АЛТЫН САНДЫҚ

Бұрынға Жымпиты, қазіргі Сырым ауданының Жосалы ұжымшары менің ата-бабамның, ана мен бауырларымның сүйегі жатқан жер. Менің балалық шағым өткен жер. Санама әбден орнығып жүрегімнің түкпірінен мызғымас орын тапқан жер. Сондықтан маған ол ел өте-мөте ыстық. Ол елдегі халық менің жерлестерім. Өзім есімді білгелі санама әбден сіңіп қалған, сол елімнің осы күнге дейін сақталып жүрген тарихын, көптеген жылдар елді өрге сүйреген халқының тарихи-тұлғаларын, кейінгі ұрпақ есіне қалдыру - өзімнің перзенттік парызым деп қағаз бетіне түсірмекпін.

Жосалы ұжымшары соғысқа дейін «Ленинизм» колхозы болды. К. Маркс атындағы ауыл советі атанды. Соғысқа дейін, соғыстан кейін де ірі шаруашылығы болды. Орталығы «Қоңыр» деп аталды. Қоңырда өтетін мерекелерге көрші ауылдардан ат-арбамен, жаяулатып келген халық, жиналып қырдың басында той өткізетін. Алтын қабақ атып, ат шаптырып, күрес және түрлі ойын-сауықтар өтетін.

Кейін жеті колхоз қосылып, орталығы Қоңыр, үлкен колхозға айналды. Басқармасына Хамит Ерғалиев, ауылсоветінің басқармасына Сары Шналиев деген азаматтар сайланды. Жеті колхоз: «Ф. Энгельс», «М. Горький», «Ленинизм», «Қызыл әскер», «Жданов», «Жаңаадым», «Былқылдақ» біріктіріліп, іріленген колхозды Халил Аманов басқарды. Халил ағай өте алғыр, халықты еңбекке жұмылдыра білді. Ол ат баптауға өзінің қарындасы Раушанды ұсынды. Аққенже деген балдызымен мектепте қатар оқыдық. Бас бухгалтері Кенжебек Сүлейманов деген болды. Кенжебек ағай өте бір жайлы адам еді. Қарауында Сәмиға апай есепке көмекші болды. Ауылсоветінің хатшысына сайланып Жайболат Ихсанов көп жылдар қызмет етті.

Менің соғыстан оралмай Ресей жерінің Орлов облысы Колпянск ауданында жерленген әкемнің жиналып келген ақшасын, 1949 жылы 3448 теңгені осы Жайболат хатшының қолынан алып, бірталай қабырғамыздың жыртығын жамағанымыз есімде. Ауыл советін кейін Қансұлтан Қыдырғожиев басқарды.

Қоңыр ол кезде сайдың бергі бетінде, арғы бетінде бес-алты үй мен мәйіт болатын. Сай деп отырғаным, қазіргі Қоңырды қақ жарып, жазғытұрым өткел бермей сарқырап ағатын сай. Техника көбейгесін сайды аяусыз бітеп, халықтың жаппай қырға қоныстанғаны бір жағынан жақсы

болды. Сай жердің тамыры десек, оны бөгеп тастағаны елді мекеннің сусыз, құмды мекенге айналуына себепші болған. Әлі есімде бала кезімізде сайдың ішінде қазылған құдықтан баспалдақпен түсіп су алатынбыз. Сол сайдың бөгеген жолына түтік қойып тазартып, бөгелген жерлерін кеңейтіп, көпір салып су жіберсе, елдің орталығы қайта көгерер ме еді?

Қоңырдың шығысына қарай «Жаңғазы» деп аталған ата-бабамның жұрты жатыр. Бұл мекенде «Сор көл» атты, көл бар. Жазғытұрым айдын болып жататын. Аққу, тырна және әртүрлі құстар көлдің сәнін келтіретін. Сол ауылды жиырма жылдай басқарған Халел Амановтың есімі көшелеріне берілді ме, о жағынан хабарым жоқ. Ол кісі еліне елеулі еңбегі сіңген қайраткер.

Жосалыда 1956 жылы басқарма болған соғыс ардагері Мәулет Елуғалиев «Тың жерлерді игеру» саласында бірінші орынға ие болып, «Запорожец» машинасын мінген. Бұл азаматтардың тұрмыстары елмен қатар жұпыны болды. Нағыз халық қамын ойлаған басшылар деп айтуға болады. Жеті колхозды басқарған жеті басқарманың өмірінен хабары бар, оларды көзі көрген замандастарым білгенін қағаз бетіне түсіріп, есімдерін сақтаса қандай ғанибет болар еді. Біздердің осы дәрежеге жетіп отырғанымыз солардың арқасы емес пе? Сол кездегі ұстаздарым Сәбила Нұғманова, Сақыш Абдрахманов, Дүйсен Малаев, Қабира Есқалиева, Мария Ивановна Вдовкина есімдері көкірегімде сақталып қалды.

Жосалы әлі зерттелмеген шалғай ел. Ол жердің қиыршық уақ тастары, түрлі-түсті жосалары, ақ балшықтары әлі де, техниканың тісі тимеген жер. Диірмен тасқа жарайтын тастарына шейін. Қиянты көлде құдықтың суы аузына келіп кілкілдеп жататын, суының салқындығы таңдайды жаратын. Меніңше Жосалы жері қақпағы ашылмаған алтын сандық.

Ол Абдолла Жұмағалиевтің елі, менің елім. 1952 жылы, алтыншы кластан кейінгі жазғы демалысымда шөп шабатын пішеншілердің арасында, атқа қонып есепші болдым. Ол кезде айнала көкпеңбек, біздер жағалай отырып жиналыс өткізетінбіз. Халел ағай маған скирттердің есебін бес амалмен шығаруды үйретті. Астыма мінетін жуас жирен ат берді. Бригадиріміз сауатсыз Шөкен Кенесарин деген ата болды. Ол кісі қалақ жасап, маған сиямен сол қалаққа скирттің центнерін жазғызып, әрбір скиртке сол қалақты қалдырды. Өлеңтіге қарай Қаратау деп аталатын қырдан төмен түсе, көзіміз самсаған пішенге түседі. Сол пішеннің ұзынын, енін, биіктігін өлшеп бес амалмен центнерін шығарамын.

# ҚАЙМАҚШЫ ЖАНСҰЛУ

Соғыстан кейін біз көрмеген құқай аз десе де болады. Жайлауға көшкеннен сауыншылар жаз бойы сыйыр сауып сүтін, майын үкіметке тапсырды. Әдейі қыс түсе, жаз жайлауына қаймақ қатыратын жер асты қоймасына мұз толтырды. Жиналған қаймақты орталық май зауытына аздырмай жеткізу қажет. Үш мезгіл идіріп сауып алған сүттен алған қаймақты, орталыққа таситын қаймақшы Жансұлу жалғыз басты, мұрнынан сөйлейтін әйел. Екі жүздей сыйырдың бір күнгі қаймағын орталық «Қоңырға» жеткізетін сол Жансұлу. Қатырған мұздың ішіне кіргізіп сақтаған екі битон қаймақты, екі аяқты өгіз арбаға салып түнгі салқынмен жолға шығады. Сол екі аяқты арбаға орталыққа қатынап оқитын біздер де отырып, талай таңды көзімізбен атырдық. Түнгі жолға шығу, қою қараңғылыққа көз үйренгенше үрейіңді ұшырады. Жан-жағымызға қарамауға тырысамыз. Ауылдан кешкі сағат тоғызда шыққан арба, таңата орталыққа жетеді. Жансұлудың жалғыз кетіп бара жатқанын көргенде, қорықпай қалай жүреді деген ой мазалайды. Екі аяқты арбаға отырғызған Жансұлудың айналасын қараңғы түнмен тұмшалап «Ескерткіш» қойса да артық емес.

Ол кезде қаймақтан айырған сүттен, тай қазанға құйып пісіріп, ұйытып айран, ірімшік әзірлейтін. Кейде Жансұлу даладағы пішеншілерге айран тасыды. Қарындары ашқан пішеншілер айранды ішіп жүрек жалғайтын. Бұл соғыс кезеңіндегі колхозшылардың күн көрісі еді.

# ҚОҢЫРДАҒЫ МАЙЗАУЫТЫ

Ленинизм колхозының орталығы Қоңырда майзауыты болды. Төбесі қиықталып істелген үй. Майзауатын орталықтан Тұрмұхамбет деген басқарды. Сол майзауыттың майының дәмі таңдайды үйіреді, әлі күнге дейін ұмыта алар емеспін. Ол кезде электр жарығы, тоңазытқыш болмады. Сондықтан жер асты мұз қоймасы пайдалынады. Жеті колхоздың тасыған қаймағынан май жасап, ауданға жіберіп отырды. Күнелтудің әдісін ойлап тапқан. Бала болсам да көз алдымда былай суреттелді.

Жер астын қазып, терең темір шан түсірген. Оның астынан от жағып, әлгі шанға су құйып қайнатып, сол қайнап жатқан суға қаймақты ұзынша битондарға құйып қайнатып алады. Суытып жер асты қоймасына кіргізіп, ағаш бөшкілерге құяды. Бөшкіні қандай бір әдіспен, сырттан

өгізбен айналдырып, майды былғап алады. Әзір майды каробкаға салып ауданға жіберіп отырды. Май өте дәмді, таза, суы да пайдалы.

## ТЫҢ ИГЕРІЛГЕН ЖЫЛДАР

Тың игеру науқаны басталғанда Жосалы совхозының «Тұйық» деп аталатын қыстағында жалғыз үй тұрды. Мектептен кейін үш қыз бала шөпшек теруші едік. Үлкені мен, біреуі Жуымбай атамның қызы Қанзия, екіншісі Тоғызбай атамның қызы Нұрзия. Сол жылы менің 9 класты бітірген жылым. Сол жалғыз үйде тұратын әже бәрімізге тамақ пісіреді. Тамағы сұйық майға пісіретін бауырсақ. Сұйық майдың сол кезде алғашқы көруім.

Тың жерлерді игеруге Украинадан, Белоруссиядан, Москвадан келген адамдар. Олардың ішінде жастары да, мосқалдары да бар. Мосқалы Николай соғыстан жаралы болып келген. Бар болғаны екі бөлмелі үй. Сыймағаны үйдің төбесінде, трактордың жанында түнейді. Тың игерушілер таңның атысымен, күннің батысына дейін жер жыртып, астық екті.

1956 жылы мектеп бітіргеннен кейін мені «Бүгіл» деп аталатын астығы мол шабылып жатқан жерге, тоқтың меңгерушісі етіп жіберді. Көмекке әскер қатарынан солдаттар келді. Палагадан баспаналарын ұзыннан тігіп тастаған. Жалғыз комбайын астық шауып жүр. Жүргізушінің есімі Ескендір деген сақа кісі. Комбайнның бункеріне астық толғанда, үстіне көтеріліп салмағын центнермен қағаз бетіне түсіремін. Егін басына барған солдаттар машиналарына астық тиеп алып, оны қырманға төгеді. Қырман басында қызу еңбек еткен еңбекшілер. Бастырылған астық тазарылып, машинаға қайта тиеліп, ауданға асырылып жатты.

Бригадир Оңғарбай ағай олай істе, былай істе деп сабақ бергендей, тапсырма беріп, тәртіпке үйретеді. Кейін ауданнан жолдамамен келген Орынбай деген жігіт мені ауыстырды да, менің тың игергенім осылай аяқталды.

Әр республикадан келген тың игерушілер жарықсыз, баспанасыз елді мекендерге осылай келіп, тың жерлерді игере бастаған болатын. Тың даламызға алғашқы түрен тастап, жердің жыртылғанын көрген, алғашқы мол өнімнің дәнін татыған біздер сол заманның куәгеріміз. Тыңға үлес қосқан ұрпақпыз десек те болады.

# ЕЛЕУСІЗ ҚАЛҒАН ЕРЛЕР-АЙ

Соғыстан бұрын өмірге келген біздің қатарымыз да, сиреп келеді. Қартаю жасына жетпегендер, өмірдің қиындығының салдарынан көз жұмғандар қатары көптеп саналады. Құдайға шүкір, соғыстан аман-есен оралып, елдегі қиындықтарға араласқандарына қарамастан әлі де көзі тірі, үкіметіміздің қамқорын сезініп отырған майдангерлерді көріп жүрмін.

Сырым ауданы әкімшілігінің қолдауымен «Алаштың ақ ордасы» деген кітап шығарылған екен. Кітапта есімдері жазылған тұлғалар елеулі еңбегімен кітапқа енгізілген. Осы кітапты шығаруға ұйтқы болған азаматтарға алғыстан басқа айтарымыз жоқ. Егер бір ауданның өзіндегі әр шаруашылықтан кітапқа кіруге тиісті, бірақ кірмей қалған тұлғаларды жоқтасақ, олардың саны әлі біраз сандарды құрар еді. Ендігі осындай бастама іс жалғасын табар күн туса, ешкімге өкпе артпай осындай бастамаға елеулі сын айтатын сыншылар шықса, солардың өздері қолына қалам алып көргендері жөн болар.

Мен Жосалы елді мекеннің қызымын. Кітаптан Аманов Халел ағаның есімін көрдім. Сол ағамен қатар қызмет еткен Сүлейманов Кенжебек ағаның, Нұғманова Сәбила, Жұпболова Қатира апайлардың есімдерін де кітаптан көрінгенін дұрыс деп ойлаймын.

Ал соғыс ардагерін еске алсам марқұм Көзеев Баймұқан аға, майданда офицер болып, кеудесі сары ала медалдармен толып келді. Жосалы ауылының Абдолла Жұмағалиев атындағы ортамектебінде мүмкін ол кісінің ұрпақтары оқып, мектеп мұражайында аталары туралы мәлемет берген шығар.

Осындай жақсы бастамадан тыс қалмай ауданның әр шаруашылығынан осындай ұмытылып қалған тұлғаларды жарыққа алып шыққан, алдағы уақытта дұрыс болар еді. Ол үшін көзі ашық, көкірегі ояу ұрпақтардың алаңдайтын реттері бар, ендігі жүк соларда. Арада әлі де көзі тірі қарттардың кеудесіндегі сандығын ашып, ішіндегі сырларын алып қалғандары жөн дер едім.

# БҰЛДЫРТЫ МАҒАН ЫСТЫҚ ЕЛ

Сырым ауданында Бұлдырты деген елді мекен бар. Мен осы мектепте үш жыл тұтас орта мектепті бітірдім. Тұтас оқып дейтін себебім: менің оқушылық шағым Ұлы Отан соғысының кезеңіне сәйкес келді. Соғыс басталғанда әкем Отанды қорғауға аттанып, анам біздерді асырау үшін, ауылдан жырақта жатқан мекендерде мал бағатын. Біздер мектепке кезектесіп баратынбыз. Күзде, жазғытұрым кездерінде мүлде бармайтынбыз. Бір-біріміздің дәптерімізден көшіріп алып, қалғанын оқулықтан оқып жетістіретінбіз.

Бұл мектепке келгеннен бастап, маған жаңа өмір басталды. Бұрынғы дұрыс оқи алмай қалған кемшілігімнің орнын толтыру үшін көп оқып, алдыңғы қатардағы оқушылардың санатына жетуге тырысып, білімге деген құштарлығым арта түсті. Мектепте үлгілі оқуыммен көріне бастадым. Кейін айына бір рет шығатын, мектеп үні «Айна» деген газетке редактор етіп сайлады. Менің міндетім әрбір кластан мақалалар жинап, газетті уақытында шығарып тұру.

Бұлдырты орта мектебінің қабырғасынан білім алып қаншама адам жарыққа шықты. Құлағымызға солардың дәрежелері жетіп, өнегелі болуды біз де армандайтынбыз. Айтып отырсам бұл мектеп қабырғасынан болашақ қоғам қайраткерлері, ардақты ұстаздар, әскери қызметкерлер, дәрігерлер, ұшқыштар, ғылыми қызметкер және қарапайым еңбекшілер тәрбиеленген. Мен осындай адамдардың есімдерін кейінгі ұрпақтар біле жүрсін деп кітап бетіне түсіруді, шәкірттік борышым деп санадым. Олар қазіргі мектеп оқушыларының бірінің атасы, бірінің арғы атасы, бірінің нағашысы болуы мүмкін. Болашақ ұрпақ осы адамдарды мақтаныш тұтып, өздерін соларға еліктеулеріне болады.

Атап айтсам, бұл мектепте соғыстан бұрын Қазақ ССР-нің Жоғарғы Кеңес хатшысы Әбдіғали Әміреев, өмірінің үш те төрт бөлігін мектеп директорына арнаған Тәржеке Балпейісов, ұстаздар Ораз Ғабдуллин, З. Ибрашева, Тұрғали Мұхамбетжанов, Сәлім Темірғазиев, Жұбандық Нұрпейісов, шаруашылық басшысы болып ұзақ жыл еңбек еткен «Құрмет белгісі», «Еңбек Қызыл Ту», «Ленин» ордендерінің жүлдегері Молдаш Қаналиев сияқты азаматтар тарих тұлғасына айналған.

Кейінгі осы мектептің түлектері: медицина ғылымының қызметкері дәрігер, профессор Одақ Хабиев, тарихи ғылымының қызметкері, профессор Чапай Қабдығалиұлы Мусин, медицина саласында еңбегі сіңген үздік дәрігерлер: Сабит Жонысов, Ғаділте Махметов, Азан Оразғалиев, Төлеу Бисалиев, ауданның құрметті азаматы Мақсот Ташаев, милиция полковнигі Ізімқұл Бердіғалиев, Ғабдеш Исмағұлов. «Құрмет белгісі» медалінің жүлдегерлері Құралай Мамашева, Сафия Қанарова, Молданияз Оразғалиев, облысқа еңбегі сіңген журналистер Идеят Мұратов, ақын Қазақстанның білім ғылымының үздігі Мәулет Даулетқалиев, сынақшы-ұшқыш Құбайыс Ізімов. Олар біздерге, кейінгі ұрпаққа зор мақтаныш.

Бұлдырты орта мектебі 1924 жылы Құспан Ахметов болыс болып тұрған кезде, соның көмегімен салынған. Осы мектептің түлегі Тәржеке Балпейісов 1936 жылы Орал қаласындағы педагогикалық институттың қазақ тілі мен әдибиет факультитін бітіріп, Бұлдырты орта мектебіне ұстаз болып келіп, 1939 жылы оқу ісінің меңгерушісі болды. 1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталғанда Тәржеке Балпейісов осы мектептің директоры болып тағайындалады. Сол кезде мектеп жанынан бюджеттік интернат ашылып, облыс көлемінен, аудан орталығынан, балалар үйінен оқушылар қабылданады. Олардың арасында облыс журналисі, зейнеткер Идеят Мұратов тәрбиеленді.

Соғыс жылдарының ауыр кезеңінде, мектепке қосымша шаруашылық берілді. Оны Оразғали Рахметовтың басшысымен, Сейсен Қорғанов атқарды. Интернатта жатқан балаларды асырау үшін, тары-бидай дақылдарын екті. Шыққан тарыдан көже, бидайды тартқызып нан пісіретін. Мектептің асханасы болды, соның жанынан наубайхана салынып, нан пісірді. Мектептің пешін қараған, қамыс шауып әкеліп жылытты. Бұл жұмысты Сейсен ағай жалғыз атқарды.

Қазақ тілі мен әдебиет пәнінің ұстазы Шалабай Қажмұратов шәкірттеріне сабақтың мәнін жете түсіндіруге көңіл бөлді. Сөз өнерін бүкіл өміріне арқау еткен ұстаз, туған тілдің нәзік те әсем сырларын аша білді. Әдебиет сабақтарында Қозы Көрпеш-Баян Сұлу, Қыз Жібек, Сұлушаш, Қамар сұлу поэмаларын жатқа айтып, оқушыларды сол заманның өмірімен таныстыра білді. Осындай ұстазға еліктеп ұстаз болуды армандаған шәкірттердің саны көбейді. Армандарына жеткен шәкірттері

журналист Идеят Мұратов, Бөрлі ауданының ақыны Мәулет Даулетқалив Қазақ мемлекеттік университетінің әдебиет факультетін бітірді.

Тәржеке Балпейісов кейін Қаратөбе ауданында мектеп директоры болды. Қаратөбе орта мектебінде сол кезде Кенжетай Оңғарбеков, Рахима Есенғалиева, Төлеген Шамғонов, Мақсот Ерғалиев оқыған. Олар да халқының қалаулы азаматтары болып, өнегелі еңбек жолдарын көрсете білген тұлғалар.

Ғанимат Әлиев 1949 жылы мектеп директорна сайланып, кейін ауданның білім меңгерушісі, аудандық коммунистік партияның меңгерушісі, идеология хатшысы болды. Коммунистік партияның ұсынысымен Ақтөбе облысынының атқару комитетінің хатшысына ауысты. Өмірден өтіп, ұмытылып бара жатқан ардақты есімдерді ұрпаққа жеткізу үлкендердің парызы.

Арамызда еңбек еткен тарихи тұлғалардың есімдерін мектеп, көше, ауылдарға беріп отырса, дұрыс болатын еді. Бірақ мен Тәржеке Балпейісов есімімен аталған мектеп, болмаса көше атын, естіген емеспін. Бұлдырты орта мектебінің түлегі Шапай Қажғалиев Орал қаласындағы педагогикалық институтқа түсуіне көмегін берген, Ғанимат Әлиевті және тағы да басқа азаматтарды жие еске алады. Олар сексеннің сеңгірене аяқ басқан азаматтар, есімдері мектеп пен көше аттарына беруіне өте лайық. Болашақта ел мақтаныштары елеусіз қалмаса екен.

# АҚСАЙДАҒЫ ОН ЖЫЛ

Ақсай қаласы ескі Ақсай, мөлтек ауданы (жаңа Ақсай) болып, күре жолдың екі жағынан орналасқан. Біз сол мөлтік ауданының чехтар салған тоғыз қабатты үйінің жетінші қабатында тұрып жатырмыз. Үй жылы, газ, су, жарық үздіксіз беріліп, лифт сырғып жүріп тұр.

1996 жылы біз көшіп келгенде, ескі Ақсай мен мөлтек аудандарының арасы бос жатқан жер еді. Міне, он жылдың ішінде Ақсай қаласы адам айтқысыз өзгерді. Халықтың әл-ауқаты жақсарып, тұрмыстары түзелді. Осының бәрі әйгілі Қарашығанақтан шығып жатқан мұнайдың арқасы. Қазір бос жатқан жер азайып ескі, жаңа ауданының арасы қосылып, Ақсай қаласының шығысы, батысы, солтүстік, оңтүстігі қанатын кеңге жайып, қала өсіп барады. Төбесі көк, қызыл шатырмен жабылған үйлер ескі Ақсайдың ішінен салынып, бұрынғы ескі үйлер бұзылып, орнына жаңа үйлер, офистер мен кафелер салынуда. Аяғыңды бассаң алдыңда дүкен, жаныңа не керек, бәрі-бәрі бар.

Бұрын құрылысты шет елдіктер (немістер, чехтар) салса, қазіргі кезде жергілікті тұрғындардың күшімен үш-төрт айдың мерзімінде ішінде әдемі үйлер немесе банк, шаштараз, дүкендер бой көтеруде. Халықтың еңбекке төселгені сонша, үйдің, үлкен құрылыстың іші-сыртын евро тәсілдерімен сылап, мінсіз ғимараттар пайда бола кетеді. Бұрын қала ішінде, жақын-алыс ауылдарға қатынас өте қиын болатын. Қазір осы мәселердің көбі жолға қойылды. Қайда барғың келеді, үйде отырып такси шақырсаң, баратын жеріңе апарады.

Спорт мәселесіне көңіл аударылғаны сонша, шет елдерге барып жеңімпаз атағын алған азаматтарымыз жетерлік. Мәдинет саласында да, Ақсай қаласының тұрғындары жоғары деңгейге көтеріліп келе жатыр. Мектепте биші топтарын әзірлеп, күй оркестірін жасақтап, атақтары шыға бастады. Шет елдерге өнерлерін көрсетіп, жүлдемен марапталып келіп жатқан шәкірттеріміз аз емес.

«Көш жүре барып түзелер» - деген үмітпен қаланың айналасына салынып жатқан үй иелерінің талап-тілектеріне қала басшылары көңіл аударып отырса, қала бұдан да кеңейіп, көркейіп кетері сөзсіз. Халық неғұрлым жағдайлары жақсарған сайын, талап-тілектері көбейгендігін көрсетіп отыр. Жеңіл машина қаланың көптеген тұрғында-

рында бар. Енді халықтың рухани байлығын арттыруға көңіл бөліңкіресе деген сұраныстардың көңілде жүргеніне де біраз болды. Ақсайда орталық Совет көшесіндегі жалғыз Мәдениет үйі, әрі қашық. 4-ші, 5-ші, 7-ші, 10-шы мөлтік ауданында тұратын халық саны көп. Осы ауданның тұрғындары, мектеп оқушылары мен зейнеткерлердің дем алатын Мәдениет үйін қалайтыны сөзсіз.

Бұрын Ғұмар Дүйсенбаев әкім болып тұрғанда, үлкендерді мектептің залына шақырып, жиналыс өткізетін. Зейнеткерлер жылына бір рет шақырылсақ та соған мәз болып, бойымызды жазып қалатынбыз. Содан бері көлікке отырып орталық Мәдениет үйіне баруды қиынсынатын қарттарға, бір бас сұғатын қуыстың жетпей тұрғанын сезінемін. Жағдайдың жақсаруына байланысты, осы мәселені ескеретін уақыттың келгені, басшыларды ойландырса деген тілек те жоқ емес.

Тоғыз қабатты үйлер ертеректе салынып қалды. Кезінде жүріп тұрған лифтілері, соңғы төрт-бес ай тоқтап, қайта қосылғанына шүкіршілік еткенмен, болашақта тоқтамауын, үйден сыртқа шыға алмай отырған қариялардың мақсаты. Әйтсе де, жетпіс-сексен жыл ғұмыр кешкен, өмірдің ащы-тұщы қырларын бастан өткізген қариялар, Ақсай қаласының көркейе түсуін, халқының қанағатшыл болуын қалайды. Ел басқарып отырған азаматтардың еңбектеріне шабыт пен табыс тілеп, жақсы жақтарына ризашылығын білдіріп, кемшіліктерін естеріне салып отырғаны дұрыс болар.

Қала көркейіп, қанат жайып өскен сайын, сұраныстардың да өсетініне орай, үлкейген ауылдар да, мөлтек аудандарында бастауыш мектеп қажет. Бастауыш мектеп бара-бара онжылдыққа сұранып тұр. Телефон, газ құбыры, су жолдырында да сұраныс көбейе түспек. Міне Ақсай қаласының болашағына үңілген сайын, жағдай осылай өзгермек.

# АҚЫН ҚУАНЫШЫ

Дәмелі апайды алғаш 1998 жылы аудандық әжелер сайысынан көрген едім. Содан соң апайдың өлеңдерін аудандық газет бетінен оқып, өзін сахнадан, мінбеден жиі көретін болдым. Жұмыс бабымен де кездесіп жүрдім. Енді міне ақын ананың алғашқы жыр жинағының шығуымен құттықтап, біраз сыр шерттік.

Сезерме, әке, рухың, қиналып жүрмін, қиналып,
Өзіңді іздестіруге ішімнен жүрмін ұйғарып.
Кешірші, әке, қызыңды, алаңым молдау артымда,
Күйбеңі жетер тірліктен, шыға алмай жүрмін жиналып, -
дейді Дәмелі Құсайынқызы.

Алғашқы өлеңдер жинағын «Әке» деп атауымның себебі - өлеңім арқылы соғыс құрбаны болған әкеме ескерткіш қойғаным, - деп жазылған кітап бетінде.

Өзекті өртеген өкініш, соғыстан қайтпаған әкеге деген сағыныш, торғайдай жүрек тереңінде жатқан қасірет уақыт өтсе де дамыл таптырмайды ақын жүрегін. Сағына-сағына сарғайған жүрек шері, көңіл сызы кеудені кернеп жыр боп құйылуы да әкеге деген айтылмаған ой-арман мен балалық сезімнен шығар. Ақын көңілін алаңдатқан, жүрегін мазалаған бар жайды өлеңіне арқау етеді. Дәмелі Құсайынқызының жырлары да осыған дәлел. Не десеңіз де жасынан сөз патшасы - өлеңге құштар Дәмелі бүгінде ардақты ана, батыр ана, алып ана, шебер ана.

Ардақты, батыр дейтінім, жолдасы Шапай Қажығалиұлы екеуі он бала тәрбиелеп, ұлын ұяға, қызын қияға қондырғаны. Ал ақындығын ел көріп, танып жүр. Оған міне жаңа жылдың басында баспадан шыққан «Әке» атты өлеңдер жинағы. Бұл кітапты Дәмелі Құсайынқызының тағы бір перзенті десек, артық болмас.

1958 жылдары қолына қалам алғандағы алғашқы жыр шумақтарын жас Дәмелі әдебиет ордасы - «Жұлдызға» жіберіп отырған екен. Бұл хаттар легі 70-ші жылдарға дейін толастамапты. Бірақ қауырсыны қатпаған балапан жырлардың журнал бетінен көрінуі мүмкін болмады. Соңынан Дәмелі апай «Жұлдызда» жүзге жақын хатым қалды», - деп жырлайды. Ақын ана «Күндердің күнінде Беркайыр Аманшиннің хаты келді. «Қам жемеңіз, өлеңдеріңізді Мариям Хакімжановаға бердік, алдағы уақытта журналда басылар» - депті. Көп кешікпей Мариям апайдан хат келді. Ұрсып жазыпты. Өлеңде «ғарыш», «құндыз» деген сөздерді қолданғаным ұнамай қалыпты. Содан кейін мен өлең жазуды қойып кеттім», - деп еске алды.

Есімі елге танымал ақын Мариям Хакімжанова хатынан кейін ондаған жылдарды артқа қалдырып, Дәмелі апай қайтадан жиі-жиі қалам тартады. Дәмелі ақынның тұңғыш өлеңдер жинағына әр жылдарда жазылған шығармалар енгізілген. Олардың тақырыбы да алуан түрлі. Туған жер, туған тіл, ана, әке, адал жар, ұл-қыздарына, ақындарға арнау өлеңдер, Қазақстан туралы. Соның ішінде апайдың мәңгілік тақырыбы «әке және майдангер ағалар».

Әке, сені әрдайым еске аламын,
Әкесі едің бес қыздың, бес баланың
Өлеңімнен ескерткіш орнатпасам,
Сезесің бе, жан әке, кеш каламын...
Бейіште рухыңа тыным берсін,
Жоқтаушым шыр-шыр еткен қызым дерсің.
Сүйегің қай арада жатса да, әке,
Жырымды қойып жүрген гүлім дерсің, - ден жырлайды «Әке туралы баллада». Ақын ана осы кітабы арқылы оралмаған әкесін елге жеткізді.

Дәмелі Құсайынқызы батыр баба Сырым өңірінде туып өскен. Киелі топырақ өз ұрпағын өнерсіз қалдырмайтын секілді. Қалам мен қағазды серік еткен Дәмелі апай он саусағынан өнер тамғанісмер де. Жасынан анасынан, әжесінен үйренгенін, атасы - атақты шебер, ерші, домбырашы Жуынбайдан үйренгенін 30 жылдан бері қолданып келеді. Сірә, қанмен тараған қасиет қалай да сыртқа шығады. Сонау 70-ші жылдары қаламды ысырып, қайшыны қолға алған Дәмелі апай қазақтың өзгеден ерекше өнері-оюмен айналыса бастайды. Алғашқы екі ірі туынды - екі текемет Алматыдағы Республиклық қолданбалы өнер мұражайында.Ісмер ананың қолынан қазақ қыздарының ұлттық киімдері, Махамбеттің, оның сарбаздарының киімдері, ішісырты қатар көркем, оюмен өрнектелген ата бабаның қара шаңырағы - киіз үй де туындады. Бойына біраз өнер жиған Дәмелі Құсайынқызы өзі шығарған өлеңдеріне ән де шығарып, оны домбырамен өзі орындайды.

Ел іші - өнер кеніші. Еліміздің қай төрінде болмасын ақындар да, шеберлер де, әншілер де жеткілікті. Дегенмен, әрқайсысының халық жүрегінен алар орыны, тарих таразысынан алар бағасы бар. Алпыстың асқарына шыққанда кітап шығарып, ең болмаса артымнан хатым қалсын, өнерім ұрпаққа мұра болсын деп, бозторғайдай шырылдаған осы ана тірлігі барлық жас аналарға үлгі болса нұр ғой. Дәмелі Құсайынқызы перзенттік парызын өтеді. Ақынға мықты денсаулық, шалқар шабыт

**Гүлназ ҚОШАЙҚЫЗЫ**

# ҚАДІРЛІ АНА ОҚУШЫЛАРМЕН КЕЗДЕСТІ

Жасымнан көңіл бөлдім салтымызға,
Бес рет есеп бердім халқымызға,
Өнердің ауыр жолын кәсіп қылдым,
Мұраны жалғаймыз деп артымызға.

Келешек ұрпаққа «Думанды өмірден сыбағаңды алып қалу керек, келешек ұрпаққа ізіңді қалдыр, адамдық атыңа кір келтірмей, жер беті деген сарайға ескерткіш кірпішіңді қала» - деп өсиет айтудан жалықпайтын Дәмелі Құсайынқызы жастайынан үйренген қазақтың қайталанбас киелі қол өнерін ұштап, кешегіден бүгінге дейін жалғастырып келе жатқанісмер жан. Оның қолынан шыққан өнер туындылары бір төбе болса, қағазға түсіріп, өмір болмысына үн қосқан ақындығы да бір төбе. Жақында ақын ананың Ұлы Отан соғысынан оралмаған әкесінің құрметіне арнаған «Мұра» атты кітабы жарық көрді. № 4 орта мектеп ұстазы А. Нәбиеваның мұрындық болуымен 9-10 сынаптар арасында Дәмелі Құсайынқызымен кездесіп, тәрбие сағатын ұйымдастырды. Тәлімді шараның бір ерекшелігі сынап ішінде емес, өнерлі ананың көз майын тауысып, өзі тігіп, безендірілген киіз үйдің ішінде өтті. Тәрбие сағатына арнайы келген қонақтар да қадірлі ананың қуанышымен ортақтасты.

Аудан әкімінің орынбасары Ә.Ә. Құлакешев сөз сөйлеп, қазақтың қасиетті өнерін дәріптеген өнер иесіне табыстар тіледі. Сондай-ақ «Бөрлі жаршысы - Бурлинские вести» газетінің редакторы Е. Менжанова мен аудандық киноторабының директоры А. Қазиевте жақсылыққа жақсылық қосып, өнерін болашақ ұрпаққа насихаттап жүрген ана еңбегіне алғысын айтып, еңбегіне жеміс тіледі.

Тәрбие сағаты барысында Дәмелі Құсайынқызы соғыс жылдарындағы қиыншылықтар мен Орлов жеріндегі жерленген әкесіне деген сағынышын баяндап, енді жерімізде бейбітшілік болсын деп, елбасымыздың бүгінгі таңда ұстанып отырған саясатын қолдайтынын айтты. Ал оқушылар болса ақын ананың әке туралы өлеңдерін мәнерлеп оқыды.

**Жайнагүл ЖЕҢІСҚЫЗЫ**

# МЕН НЕГЕ ЖЫЛАДЫМ?

*Жеңістің 60 жылдығына*

Құрметті Шапай Қажығалиев, сізді қарашаның 21 күні сағат 10-ға Мәдениет үйінің залына шақырамыз деген шақыру билеті қолымызға тигесін аң-таң қалып, сол күні сол сағатта айтулы жерге бардық. Таң қалуымыздың да үлкен себебі бар. Нарық қысқан сонау қиыншылық жылдардың артта қалғанына да он жыл толуға қалды. Осы нарық кімді, қайда шашпады. Өмір бойы ауылдық жерде тұрып, емін-еркін өмір сүріп қалған жасқа да, қарттарға да оңай соқпағаны рас қой. Осы жылдары қалада қызмет жасап жүрген қыздарымыздың біреуі үйін босатып беріп, біздерді Ақсай қаласына көшіріп алған болатын. Тоғыз қабатты үйдің жетінші қабатында тұрып жатырмыз. Қанша дегенмен жерге үйреніп қалған кісіге алғашқы жылдары қиындау болды. Танымайтын жер, 45 жыл ұстаздық еткен адам беймәлім адамдарға үйреніп кеткенше жатырқау болды. Әсіресе, ауданнан көшіп, қалаға қоныс аударған қарттардың қай-қайсысына да оңай соқпағаны кәміл. Танымайтын орта, кім қайдан келіп жатыр, оны есепке алып елей қоятын, елеп жиындарға шақыратын жағдай қалыптаспаған кездер болды ғой. Қазір бірте-бірте танып-танысып дегендей, бұндай шақырудың тосын көрінгені рас.

Мәдениет үйіне жайғасқасын, экраннан «Жеңіс тарихы» деген кино көрсетіле бастады. Соғыстан бұрын өмірге келген біздердің бұл тақырыпқа жайбарақат қарай алмайтынымыз өзінен-өзі белгілі жайт. Әсіресе, әкемізді соғыс жалмаған біздердің кеудемізге қатып қалған жанжарамыздың қабағы ашылып кетіп, көңілімді тоқтата алсамшы. Киноның бірінші сериясы аяқталғасын сахнаға осы киноны түсірген режиссердің аты-жөні жазылғанда Мұрат Жәкібаев деп. Батыс Қазақстан өңірін киноға түсіріп таныс адамдарды көрсеткеніне көңіліміз толқып, әрі қуанып, әрі өзіміздің ұрпағымыздың біздің басымыздан кешкен қиыншылықтарымызды түсініп, Жеңістің 60 жылдығына орай осы тақырыпты қолға алғанда таң қалып, не қылса да қалада өскен бала, соғыс туралы кітапты көп оқыған болды ғой, деп риза болғанымды қайтейін. Мұраттың әкесі, Орынбай Жәкібаев, Шапай Қажығалиевтің шәкірті - журналист. Баламыз Мұрат Жәкібаев пен осындай ұлды өмірге әкеліп, тәрбиелеген әкесі Орынбай Жәкібаевты құттықтауға сахнаға қалай көтерілгенімді білмеймін, қара құрым халықтың алдында сахнада тұрып көз жасымды тоқтата алсамшы. Біздің басымыздан өткен өмір ғой. Төбеден

ызыңдап келіп, бомба тастағанда анадай жерге лақтырылып, домаланып жатқан халықты өз көзіңмен көргенде, біздің әкелеріміздің осылай өліп айдалада, әлі де бір жат елде жерленгені есімізге түскенде, не бір тас жүрек те жыламай қалмас еді. Мен әкемнен қара қағаз келгенде әлі оқымаған болуым керек. Сол қағазды төрт бұрышты хатты қолыма ұстағаным есімде қалыпты.

Соғыс жүріп жатқанда бес-алты жасар кезімде батыс жаққа кешқұрым, күн қызарып батып келе жатқанда үстінен төніп тұрған қара бұлтты асықпай қарап ұзақ тұратыным, сол қара бұлтты өртеніп жатқан түтінге ұқсататыным әлі есімде. Әкемді 60 жылдан астам жоқтап жылап келіп едім, сұм соғыстың зардабы құр соңымнан қалмай қойды ғой. Сахнаға шығып алып ебіл-себіл жылап көз жасымды тоқтата алмай біраз тұрып, есімді жиып балама ризашылығымды білдіріп, маңдайынан сүйіп аналық ақ батамды бергесін, кинодан шыққасын үйге шақырдық. Балам Мұрат жас болса да, әкесі Орынбайдың біздің үйге кіріп ұстазына сәлем берем дегеніне қарсылық көрсетпей келгенінің өзі неге тұрады. Ал журналист Жәкімбаев Орынбайды біздің үйге ұстазға деген шәкірттік махаббаттың жетелегені сөзсіз. Онымен қоймай Ақсай қаласының әкімімен, халқының атынан сыйға тартқан кілемді ұстазына тарту еткенінің аржағында шәкірттің ұстазына ілтипатының азаймағанын көрсетпей ме. Бұл жерде тәрбиенің үлкен мәнін аңғаруға болады емес пе. Дүние ешкімге жолдас болған емес. Ел аралап, осындай материал жинаудың қиындығы өз алдына, Мұраттың үлкен тақырыпқа барғанына халқымыздың атынан ақ бата жолдаймын.

Қазіргі Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың бүкіл әлемді мойындатып отырған саясаты «Достық, бірлік, татулық-ынтымақ» өте құнды саясат. Осы саясаты, біздің де арманымыз. Бейбітшілік болса бәрі де орнына келеді, ағайын! Біз бәрін де төзімдікпен жеңген халықпыз. Осылай елде ала ауыздық болмай, халқымыз тоғышар болып дүние қуалап кетпей тыныш жүрсе, бәрі де өз орнына келеді. Елбасына өмірімізді сеніп тапсырдық. Ол кісінің көрегендігі сарабдал саясатына риза болып, осындай көшбасшымыздың болғаны халқымызға мақтаныш болуы керек. Осы мақаламды жаза келе осындай тақырыпты ұрпақ санасына жеткізу, ел басқарып отырған азаматтарға үлкен міндет жүктейді. Біз секілді қариялардың кеудесінде кетіп бара жатқан шері аз емес. Уақыт барлық жан-жарамызды әлі ұмыттыра алмапты. Жақындап қалған хан сайлауы бәріміздің үлкен тойымыз. Таңдауымыз көкірегімізде. Тойларыңыз тойға ұлассын, халайық!

# КӨКЕЙДЕ ЖҮРГЕН ОЙЛАР...

Біздің қазақ киноларын көріп отырғанда көңіліміз толмай, кей жеріне ызаланып отырамыз. Айталық, рольде жас қыз ойнау керек болса, оның орнында беті ескірген кексе келіншектер бетін бояуға баттастырып алады да, жас қыз болып ойнайды. Онысы ерсі, дауысы да жасанды көрініп тұрады. Жарайды, әртіс сол рольді лайықты ойнап шықты делік. Егерде, қазақтың намысы үшін сол кинода ойнайтын болса, бар қимыл-әрекетін, тәлім-тәрбиесін жастарға көрсетіп, сахнаға ұялмай шығатын дәрежеге жеткенше неге үйретпеске? Өзі ойнаған жас қыздың ролін, сол жас қызға үйретудің өзі де дәреже емес пе?

Соңғы кезеңде орыс киноларын, шет елдің телесерияларын қарап, сауаты ашылған көрермен, өзіміздің ұлттық киноларымызды көргенде, онша риза бола қоймайтындығымыз сондықтан болса керек. Кезінде «Қыз Жібекті» қойғанда газет арқылы хабарландыру таратып, 300-ден астам қыздың ішінен Мерует Өтекешованы, яғни жас қызды тауып «Қыз Жібек» киносын шығарды емес пе? Міне, бұл киноны қысқа да, нұсқа болса да, қарағымыз келіп тұрады. Қазақ кинолары бір-екі серия болып, шолтаң ете түседі.

Шет елдің телесериялары экранды жаулап алған себебі, ұзаққа созылатынына қарамастан, адамдардың болмысын еш жасандысыз көрсете біледі. Әсіресе, Түрік, Бразилия телесериялары тартымды шығып жүр. «Көшпенділер» киносына қаншама қаржы шығарып көрерменге ұсынғанмен, өте қысқа етіп шығарған. Ең болмаса төрт-бес серияға созуға болмайтын ба еді? Қазақтың ұлттық салт-дәстүрі, ұлттық киімі, тойы, балуан күрестері, домбыра үні мен ән айтыстары, жайлауы мен дала қызғалдақтары көрсетілмеген. Осындай жұпыны киноны көріп отырып Досхан Жолжақсыновқа, Тынышбай Жаманқұловқа не болған, мұндай қателікті жіберген? Әлдеқалай қазақтың киносына көзің түсіп кетсе, баяғы көзі соқыр арба сүйреген қыз, «Қожанасыр», «Көксерек» киноларын қайталайды да жатады.

Жайлау, ақ боз үй, ұлттық киімменен шашын өріп, шашбауын арқасына жіберген жас келін. Өнегелі әжелердің

үйретуімен үй ұстау, жастық ағашқа жүк жинау, далаға қазық қағып, өрмек тоқып, ағаш келіге тары түйу сәттерін, жігіттердің бие байласып, әйелдердің бие сауып жатқан көріністерін араластырып көрсетуге болады деген ойлар мазалайды. Мысалы, түрік серияларында үйдің ішіне қызылды-жасылды етіп көрініс береді. Қазақ киноларында үйдің ішін ою-өрнекпен әдемілеп тігілген көрпе, көпшік жастық ағашқа жиналып, жерге текемет төселсе, болашақ ұрпаққа үлгі болып қалар еді. Кейбір киноларда киіз үйдің шаңырағынан бастап, керегеге жалғап айқыш-ұйқыш басқұрларды көрсетіп қояды. Басқұрлардың түбірі құр. Құрға сол киіз үйдің ішінде әйелдер асылып босанған. Кермені мықты болу үшін, әйелдің салмағын көтеруге әрі сүйемелдеу үшін қолы шебер әйелдер түрлі-түсті өрнек салып пайдаланған. Уық пен керегені қапсырып қысып байлау үшін, құрды әдемілеп тоқыған.

Болашақ ұрпаққа атыс-төбелестен басқа, мамыржай жайлауды, ондағы төрт-түлек малды, ұшып-қонып жүрген құстарды, қызғалдақты даланы, сарқырап ағып жатқан өзенді, шалқар көлдерді, халықтың зергерлік бұйымдарын, көрікті қалай басып жатқанын киноға енгізсе артық болмас. Көрік дегеніміз темірді қалай пісіреді, оны тұрмысқа қалай икемдейді, от-көмір жағып істеп жатқан іс үстінде киноға түсіріп алса. Мұражайдағы сақталған мұрағаттарды да түсіріп көрсетуге болады.

Әр заманның өз үлесіне тиетін ауыртпашылығын ұрпақтарға үйрету үлкендердің, соның ішінде киноның парызы. Теледидардың үйретері өте көп. Мысалы қазіргі жас ақындар, бұрынғы қариялардың айтатын сөздерін, айтыстарда суырып салып айтып жүр емес пе? Солардың ұстазы Жүрсін Ерманов тарихи тұлғалардың басында тұрған, халқына елеулі еңбегімен, айтыскер ақындар тәрбиелеп келе жатқан азамат. Қазақ халықының мақтанышы. Киноны да сол бағытқа қоятын кез келді.

# «ӘКЕ» ДЕГЕН КІТАБЫМНЫҢ СЫРТҚЫ МҰҚАБАСЫНДАҒЫ КИІЗ ҮЙДІҢ ӨМІРБАЯНЫ

Мен есімді білгелі киіз үй дегенді тек кітап суретінен көріп, оқып білгенмін. 1987 жылдан бастап Жымпиты (Қазіргі Сырым) ауданының орталығында Наурыз мейрамында киіз үйлер құрыла бастады. Орал қаласына қолөнеріммен барғанда да, киіз үйді көре бастадым.

1989 жылы совхоз директоры Өтебалиев Ғаділше деген кісінің өтініші бойынша алты қанат киіз үйдің іші-сыртын тұтас оюлап тігіп шықтым. Осы жылғы жаздың ортасынан бастап 1990 жылдың наурызына дейін қысы-жазы күн-түн демей тігіп, 1990 жылдың14 наурызына үлгертім. Ол кезде маталар қазіргідей емес арзан болатын. Киіз үйге кеткен құралдың барлығы 1000 теңге де, еңбегім 2000-ның үстінде, табыс салығын қосқанда. Еңбек шартымен келісім жасағанда келісім шартқа 2250 теңгенің 250 теңгесі табыс салығына ұстап, қолыма 2000 теңге алдым. Кейін ол киіз үй көзге түсіп, 1990 жылы Москваға апарылып, ВДНХ-ға көрмесінде бір жұма тұрып қайтты. Алматыға 1990 -1992 жылдары екі рет барып құрылды.

Ол туралы уақытында газет тілішілері мақалалар жазып, кезінде жариялап отырды. Бірақ, қайталап тігілуі өте қиынға соғатын қолөнерін күтіп ұстайық деген ой, ешкімнің ойына келген жоқ. Барлық той-думандарға құрылды. Мен ол қолтаңбамды соңғы рет, Ордада Жәңгірханның тойына құрылғанын телевизордан көрдім.

Бұл киіз үйдің суретін Германиядан келген студент жігіт, 1990 жылы Москвада құрылғанда біздің жігіттерден сұрап алған. Москвада «Останкино» қонақ үйінде бір жұмадай жатып, В.И. Ленинді (мовзалейдегі) көріп, «Ироня судьбы, или С легким паром» деген кино түсірілген үйде қазақ әжеміздің қолынан дәм татып, қайтуда вертолетпен ұшып келдік. Москваға жүкті машинаға тиеп, өзіміз поезбен барған болатынбыз. 1990 жылы Сырым ауданы (ол кезде Жымпиты) барып Алматыға киіз үйді құрып қайтты. 1992 жылы Сырым бабамызға арналған ғылыми конференцияға бабамызға ас беруге ұшақпен барып құрып қайттық. Осы өз қолымнан шыққан қол өнерінің арқасында тарихи ұлы тұлғалармен табақтас болып қайтқанымды қимастықпен

есіме алам және мақтан тұтам. Ұлы тұлғалар деп отырғаным қазақ халқының әлемге ұялмай көрсететін «Қыз Жібек» киносының көрнекті әртістері Мерует Өтекешева (Қыз Жібек), Құман Тастанбековпен (Төлеген) иық тіресіп отырдым. Төлегеннің әкесі  Базарбайға өтінішпен өлең айтқыздым, ол атақты әртіс Кәукен Кенжетаев ағамыз болатын. Қазақ халқының ұлы ақыны Қадыр Мырза Әли, көрнекті саясаткер, тарихи тұлға Иманғали Тасмағамбетов және Германиядан келген Маркенбергенде тұратын Мехмет Қалисқан деген қазақ қандасымызбен дастархандас болдым. Мен ұлттық киіммен басымда кимешек, малынған ақ көйлек, көк қамзол төрде отырдым, өйткені мен әжемін, сол үйдің иесімін. Мехмет қандасымыз бейнетаспаға түсіріп отырды. Сырым ауданынан Бауыржан Туманов бастап барған болатын. Қол өнерімнің арқасында ұшақпен барып, ұшақпен келіп, ел-жер керіп, бой жазып қайтқанымды мақтаныш етем. Сол үйде құранды Мехмет қандасымыз оқыды.

Сыртқа шыққасын Кәукен Кенжетаев ағамызға жаңа дастарханда көрісе алмадым деп амандасып едім, ол кісі бақытты бол, қарғам, деп маңдайымнан сүйді. Үйден ұзап шықпаған мен үшін осының бәрі мақтаныш болатын.

Мен «Әке» деген кітабымның сыртына ол киіз үйдің суретін салғызғанда осы қол өнерімнің ең болмағанда суретін ұрпаққа жеткізейін деген мақсатпен салғыздым.

Жеңістің 60 жылдығына әкеме ескерткіш болсын деп, тағы бір киіз үй тігіп, жаңалай телеведениеге түсіріп алдым. Оны бейнетаспаға түсіріп, мұражайларға тапсырып жүрмін. Ақыры әкемнің мәйітін Рессейдің жерінде жатқанын, Жеңістің 60 жылдығының қарсаңында біліп, іздеуімді тоқтаттым. Соған дейін күтумен жүруші едім.

Екінші «Мұра» атты кітабымды әкеге ескерткіш, ұрпаққа мұра болсын деп, арнайы киіз үй тігіп, соны мұқабаның бірінші бетіне түсіріп, перзенттік борышымды өтедім деп санаймын.

# АЛТЫБАҚАН ОЙЫНЫ

*(Күндіз өту керек)*

Біздің ата-бабаларымыз ұрпақ тәрбиесіне ертеден зор мән берген. Бесікке бала салатын себебі, «Бесік баласы бес түлейді» деген сөздің мәнісін тәжірбиеден өткізген. Ата-бабаларымыз елімізді, ұлан-байтақ жерімізді, қорғаған Алпамыс, Қажымұқандарды бесікке бөлеп өсірген. Төрт түлік мал өсіре жүріп, әр малдың мінезін, пайдасын ұрпақтарына бет-пе-бет араластыра, көрсете жүріп тәрбиелеген. Ат үйретпес бұрын баланы құлынның үстіне отырғызып, қызықтыра баланы батылдыққа тәрбиелеген. Жаңа туған құлыншақтың тәй басқанынан бастап баласына қызықта-тып, мойнына асылдырып, құлыншақтың қолға қалай икемділігін үйреткен.

Ертедегі халық сахнасы - дала, жайлау. Жайлауға көшердегі қызықтың орнын, басқамен айырбастау мүмкін емес. Көктемгі табиғаттың түрленуін өз көздерімен көріп өскен ұрпақтан талай-талай дарындардың шығуы сондықтан. Жайлауға көшкеннен-ақ, қызықтың көкесі басталған. Аралары жуық орналасқан әр ру басшыларының бас қосып той-думан өткізетін шақтары, сол жазғы жайлауға көшкен мезгіл. Олардың ұл-қыздары дала сахнасында бір-бірімен танысып, жұптарын тауып, отбасын құрып отырған. Түрлі ойын ұйымдастырып жастардың басын қосуға себеп тауып отырған. Сол ойындардың бірі «Алтыбақан» ойыны. «Алтыбақан» аты айтып тұрғандай үш-үштен ұзын сарықтың басын қосып байлап, екі жерге ортасына бір немесе екі-үш жұпты жастарды көтеретіндей керме ағаш байлап, әткеншек жасау. Бойжеткен мен бозбала қарама қарсы тұрып ән айтып, әткеншек тербелгенде таңның атқанын білмей, қызыққа батады.

Осы «Алтыбақанға» байланысты тақырыпты қозғауымның үлкен себебі бар. «Алтыбақан» айрықша ғимаратты керек етпейді. Ең қарапайым түрі әр ауданда, әр ауылда, тіпті әр аулады бірнеше алтыбақан құрулы тұрса, соған жиналған жастар бір-бірімен танысып, жұптасып отау құрса, қазіргідей қыздар мен жігіттер қырыққа келгенше өз

теңдерін таба алмай, отырып қалмаған болар еді.

Ұлан байтақ Қазақстанымызды ұрпаққа толтыру Елбасының арманы болса, үй бола алмай, ұрпақ сүймей жас өмірлерін өксітіп жүрген біздің заманымыздағы жастардың да арманы. Қазіргі кезде «норкаман» деген жаман атақ шыққалы, барлық ата-ана ұл-қызын кафе-барларға жіберуге қарсы. Бұзып-жарып ата-аналарының қарсылығына қарамай осындай орындарға барып жүрген жастар, түрлі пәле-кеселдерге ұрынып қалып жүргені шындық.

«Алтыбақан» міндетті түрде түнде жиналатын жер болмауы тиіс. Жиналған жастар қыза-қыза уақыттың өткенін байқамай шөлдеп, қарындары ашқан кезде жүрек жалғайтын су-суан іздейді. Бастамасында әр ауылдың Мәдинет үйінің маңынан немесе жайлаудан «Алтыбақан» ұйымдастырып, дереу жастарды жұптап жіберудің қам-қаракетін жасауды қолға алу керек. Қазірден бастап қолға алмасақ кеш қаламыз.

«Алтыбақан» қазақтың ұлттық ойыны болғандықтан, оған ешбір ішімдік апарылмау керек. «Алтыбақанға» қатысқысы келген жастар ұлттық киімдермен, домбырасымен барулары керек. Сол уақытта ұлттық киім бәсекеге айналады да, екі ғашық ұғыну үшін амалсыз ана тілін үйренеді. Тіл үйренудің озық әдісі осыдан басталуы мүмкін. Менің осы пікірім өріс алса, жастардың бақыты ашылар еді. Бұл мәселе мәдинет басшыларына тікелей байланысты.

# ӨНЕРДІҢ ОҚ ҚЫЗЫ

*Ақын қол өнер шебері*
*Дәмелі Құсайынқызына*

Өлеңдері көктемгі нұр алаптай,
Өнегесі өркенге ұлағаттай.
Өрмектері өнердің хас асылы,
Өмірі қаттап қойған мұрағаттай.

Жанында жақсылықтың әлемі көп,
Шаттанса ән шығарған әдемілеп.
Әкесі әдейі атын қойды ма екен,
Сан өнерден болсыншы дәмелі деп.

Жүрегі ізгілектен жаратылған,
Іскер жан бармағынан бал атылған.
Еңбегім ел үшін деп елжіреген,
Бауырдан сомдалғандай дара тұлғаң.

Ана боп ұл мен қызға тәлім берген,
Тағдырды тауқыметтің дәмін көрген.
Әкесін қиялымен әлдилеген,
Жақсылықтың жолында жанын берген.

Халқына ханнан асқан қадірі бар,
Сарқылмас сары алтындай сабыры бар.
Жігері жігіттерден жүз есе артық,
Қайтпайтын қайсар мінез қажыры бар.

Осылай бас иемін бір адамға,
Сіз жайлы пікір осы сұрағанға.
Қанында қазақпын дер қасиеті мол,
Мен сізді ұқсатамын ұлы адамға.

**Махмет ҚАЖИАХМЕТОВ,**
**Жымпиты ауылы**

## ҮЛЕС

Жаңалыққа құлақты тосып қойдым,
Жүре алмадым соңында босып тойдың.
Аяғымнан тік жүріп еңбек етіп,
Ақсайға мен зор үлес қосып қойдым.

Мақсатымды қалғытпай жанып қойдым,
Дей алмаймын қатардан қалып қойдым.
Тек жүрмедім, іс тіктім, өлең жаздым,
Қуырғанда қыспағы шабытты ойдың.

Он жыл бойы таныдым халықты, елді,
Рухани байлығым бағыт берді.
Өлең жазып тіліме үлес қостым,
Халық мені ақын деп танып келді.

Қиялыммен қозғайын ерікті ойды,
Он саусаққа ерікті беріп қойдым.
Бәрін көріп отырған халқым менің,
Шебер деген атақты беріп қойды.

Әрбір адам, әрқилы көрер күнін,
Керек нәрсе адамға өнер, білім,
Рухани азығы биік адам,
Көтереді қиналмай өнер жүгін.

Аямаған қиялмен саябағым,
Кос өнерді досымдай аяладым.
Ащы екбектің көрсем де қиындығын,
Білгенімді халқымнан аямадым.

Бұл ісімді өмірмен күрес деп біл,
Он жыл қосқан Ақсайға үлес деп біл.
Алға қарай қамшылап өзімді-өзім,
Шамам жетсе уақытқа ілеспекпін.

## ТӘУБӘ!

Аздап ашып алайын халқыма сыр,
Келтірмедік қазақи салтыма сын.
Он балаға ата-ана бола жүріп,
Өмір сүрдік жұбайлық жарты ғасыр.

Көп баламыз біреуге міндет пе еді,
Табысымыз бір жетіп, бір жетпеді.
Қарыз алдық, қарызды қайтып бердік,
Ең бастысы көңілді кірлетпедік.

Балаларға берілдік бүтіндей біз,
Тағдыр берген бақытқа шүкір дейміз.
Ұл мен қызға айтатын ақылымыз,
Түзу шықсын тұрбадан түтін дейміз.

Отырамын кей кезде ойға қалып,
Артық сезім бары рас бойда анық.
Дәстүрінде қазақтың жазылмаған,
Даталарды дөңгелек тойламадық.

Әр қайсысының әр түрлі мамандығы,
Тілегіміз солардың амандығы.
Дипломды мамандар ұл-қыздарым,
Көрсетпесе болғаны жамандығын.

Ағайынмен бар-жоқты бөліп жедік,
Ауылдасқа әй кәпір көрінбедік.
Жеткенінше шамамыз араластық,
Дараланып халықтан бөлінбедік.

Ала жібін біреудің аттамадық,
Біреулерді орынсыз даттамадық.
Жанұя боп үлгілі атанғанбыз,
Өнеге мол тарихқа қаттамалық.

Қоғам үшін айрықша елеңдедік,
Ерте тұрып, кеш жатып деденңдедік.
Бұдан артық бақыт жоқ деп ойлаймын,
Біреу ақыл сұраса сенен келіп.

Шыдамдылар арманға түбі жеткен,
Жетпестіктің бұл күнде күні кеткен.
Алтын тойдың иесі болдық, тәубә!
Қыл көпірің үстінен жүріп өткен.

# ЖАСАСЫН АЗАТ АЙБЫНДЫ ҚАЗАҚСТАНЫМ

*Тәуелсіздіктің 15 жылдығына*

Тәуелсіздіктің бастауы болған бұл күнді,
Түсірген еске жанарлар жасқа іркілді.
Намысын қайрап алаңға шыққан жастарды,
Жиырма жыл бойы көргендер айтып жыр қылды.

Әділетсіздік шыға жақ бір күн жарыққа,
Айтамыз тілек «Достық пен бірлік» халыққа.
Намысын ту ғып ел үшін құрбан болғандар,
Топырақтарың айналсын дейміз мамыққа.

Тәуелсіздіктің мәніне бүгін түсіндік,
Тор беріп жұртқа өзіміз әр кез кішірдік.
Он алтыншы желтоқсан күні жыл сайын,
Қинала толқып сіздерді еске түсірдік.

Тоқсан бірде, желтоқсанның бірінде,
Азаттықтың атты таңы күлімдеп.
Содан бастап «Тәуелсіз ел» атандық
Бодандықтан азат елміз бүгінде.

Қазақстаным әйгілі болды әлемге,
Көк байрағым желбіреп тұр әр елде.
Құрметтеп әлем таныды қазір Елбасын,
Шақырған елде қарсы алып жатыр корольдер.

Рухымызды асқақтат дейді ол саған,
Шаңырағымды қанатты тұлпар қоршаған.
Гербінің өзі бітіріп қанат қиялға,
Биікте тұрар намысты ерлер болса аман.

Қиналдық қатты, үйрендік біз де нарықты,
Ұстап тұр халқым Қазақстандай алыпты.
Намысын қайрап алаңға жастар шыққалы,
Зымырап уақыт жиырма жыл боп қалыпты.

Тәуелсіздікке он бес жыл толды бүгінде,
Бет бұруда жастарым қазір білімге.
Қозғауда тілдің жанашырлары сөйле деп,
Мемлекеттік мәртебе алған тілімде.

Сан ғасыр көрдің бодандықтардың қыспағын,
Жайыла көшіп, даламда жайлап қыстадың.
Жылжи бер алға қайырлы бағыт ұстадың,
Жасасын азат айбынды Қазақстаным!

## ОТАН - ТІРЕГІМ

Бірлікте білдік күш барын,
Жайнай бер, Қазақстаным!
Саяса - бірлік, татулық,
Ұтымды бағдар ұстадың.

Елімнің көркі - Астана,
Асқақтап өсіп барады,
Астана әзір жас қала,
Ашылған күнде ажары.

Тереңге тартып тамырын,
«Бәйтерек» - елім тұрғызды
Шашады күнде жарағын,
Түсіріп еске жұлдызды.

Жатып та тұрып тәңірден,
Амандығыңды тіледім.
Отырмын көріп бәрін де,
Жайнай бер, Отан тірегім!

# ДАРА ДАРЫН

*Мақпал Жүнісоваға*

Дарынды да дарындылар жұлдызы,
Тіл мен көзден аман-есен жүр, қызым.
Шабыттана шырқатып ән сала бер,
Халқыңызға сауық-сайран құрғызып.

Он саусағың домбырада жорғалап,
Мақпал үнді әуеніңді сорғалат,
Мерейіңе мерей шашқан Анасың,
Мерей жаның болсын сізге қолқанат.

Мақпал қызым, мақтанысың халықтың,
Қазақ елін бар әлемге таныттың.
Ән әлемі айдынында өнерді,
Анаңның ақ уызынан дарыттың.

Халқың соққан шапалақтан, шабыттан,
Қанатыңды қағып көкте қалықта.
Дара дарын, төмендеме, самғай бер,
Өнеріңді бағалайтын халық бар.

# ӨКІНІШ-
# ӨКТЕ КЕТКЕНІ

*Тележурналист, ақын,*
*Жазушылар Одағының мүшесі*
*Ботакөз Баймұқанқызының*
*мезгілсіз қаза болуына байланысты,*
*ұлы Дәуренге көңіл айту*

Жылыма, балам, сарқылып,
Ботакөз қызы халқының.
Өмірі қайта басталар,
Қайырын берсін артының.

Жоқтау айтар салтым бар,
Жоқтайын, халқым, ал тыңда.
Халқының көзі алдында,
Ботакөз өтті жарқылдап.

Қызымдай болып кетіп ең,
Кеттің-ау ерте шетінеп.
Ән-жырың қалды артыңда,
Көрінді десе несімен.

Ажалдың ерте жеткені,
Өкініш-өкте кеткені.
Жалғайтын жандар табылар,
Ботакөз ашқан мектебін.

Тар үйге сыймас жан едің,
Маңдайыңдағы бақ елі.
Шеңбердің тарлық еткенін,
Құлаққа талай сап едің.

Маңдайда болса қарыс бақ,
Жүрмес ең жанды жаныштап,
Көзді бір ашып жұмғанша,
Арадан кеттің алыстап.

Өзі де сылқым, паң еді,
Азамат тектес жан еді.
Әйелдің жолы жіңішке,
Қыл көпір неткен тар еді.

Тәңірі басқа салғасын,
Тағдырмен жүрді арбасып.
Күн көріс қамы ит тірлік,
Жағадан алды жармасып.

Бейнеттің дәмін татарда,
Шығатын алыс сапарға.
Сыңарсыз аққу атанды,
Тағдырдың заңы қаталдау.

Қайғыңды ішке білдірмей,
Көріндің сырттай, шалқыма.
Сөйлеп бір кетсең ілдірмей,
Қызмет қылдың халқыңа.

Жарты-ақ ғасыр ғұмырың,
Оралың болды тұғырың.
Бақытың менен базарың
Немерең, келін бір ұлың.

Үлгердің шығып жарыққа,
Ыстық ең қызым, халыққа
Иманың болсын жолдасың,
Айналсын орның мамыққа.

## ТУҒАН ЖЕР

*(Әні бар)*

Туған жерім жайнаған,
Жайлауы кең айдала,
Саған деген сағыныш,
Жан-жүйемді жайлаған,
Туған жерден айналам.

Қайырмасы:
Көкшіл еді аспаны
Көпшіл еді жастары,
Көңілдегі дастаным,
Көзден ұшқан жас шағым,
Туған жерден айналам.

Жайлауым бар қиякты,
Асты шалқар сиякты,
Отырғызбай бір шыбық,
Болып жүрмін ұятты,
Туған жерден айналам.

Қайырмасы.

Айналайын Жосалым,
Атыңды әнге қосамын,
Ертелі кеш өзіңе,
Жетер ме екен осы әнім,
Туған жерден айналам.

Қайырмасы.

Жұрты жатыр бабамның,
Құлпы жатыр анамның,
Бірге туған бауырлар,
Жақын-жаран адамның,
Туған жерден айналам.

Қайырмасы.

# ТЫНЫШТЫҚҚА ЖЕТЕТІН БАЙЛЫҚ БАР МА?

Тұрғанда да күнкөріс күрделеніп,
Халқымменен жүрегім бірге менің.
Алладан әр кезде де тілеп жүрем,
Қаз тұрып кетсе екен деп, іргелі елім.

Қиындық тұрса қандай жолымызда,
Жеңер күш сіз бен біздің қолымызда.
Шүкірленіп келеміз деп ойлаймын,
Қарасақ оңымызға, солымызға.

Аспандап тұрған менен базар, нарық,
Келеді жүздеріміз ажарланып.
Шираған қыз-жігіті еліміздің,
Жан-жақтан келіп жатыр «тауар» алып.

Тарылтпай пейілдерін кең ететін,
Халқымыз жасап жатыр мерекесін.
Арандатушыларға қой дер едім,
Қашырмай еліміздің берекесін.

Аспан асты, жер беті байлығымыз,
Жетіп тұр күн көруге айлығымыз.
Байлық қуған байғұстар тоғышар боп,
Кетпесе болар еді деп қайғылымыз.

Сап, сап, халқым, барына қанағат қыл,
Ел едік қой ежелден қанағатшыл.
Еліміздің бірлігін көре алмай,
Іштей-сырттай дұшпандар табалап тұр.

Езгі көрген қазақтар қасқа маңдай,
Көп те халық емеспіз, басқалардай.
Жамандайды Елбасын оңды-солды,
Өз отбасын жүргендер, басқара алмай.

Жатар орын, ішіп-жер шайлық бар ма,
Қанағат қыл, азды-көп айлықтарға.
Ұрпағымыз соғысты көрмесе екен,
Тыныштыққа жететін байлық бар ма?

Аз ғана топ елді жүр арандатып,
Әлдекімге ел басын жамандатып.
Хан тағынан үміткер боп жүргендер,
Жақындатып жүргендер заман ақыр.

## АҚ БАТАСЫ ХАЛҚЫМНЫҢ ДЕМЕЙ ЖҮРСІН

Ел атандық кең пейіл, егеменді,
Саясаттың арқасы көрегендік.
Халқыменен қауышқан Елбасына,
Ел анасы - батасын берер енді.

Ата-бабаң рухы жебей жүрсін,
Жоқшылықтан құтылып, кедей күлсін.
Бейнетінің зейнетін елің көріп,
Ақ батасы халқымның демей жүрсін.

## АСҚАҚ САЗГЕР

*«Еділ-Жайық» әнінің авторы*
*Илья Жақановтың*
*70 жасқа толуына арнаймын*

Ән-Илья, ақын - Жұбан мәңгілік,
«Еділ-Жайық» шырқалғанда жаңғырып.
Жасыл орман жамырайды таңғылып,
Айдында аққу көрсетеді, паң қылық.

«Еділ-Жайық» мейірімді қандырды,
Қайырмасы тамағымды талдырды.
Екі тұлға әлемге аян атағы,
Ұрпағына асқақ әнін қалдырды.

«Еділ-Жайық» талай елге барыпты,
Талай дүлдүл шет елде ән салыпты.
Мәскеуга сегіз жүз жыл толғанда,
Оралдықтар алтын жүлде алыпты.

Жойқын әуен достығымның сеңі алғы,
Ильяның әндерінің ең алды.
Осы әнді тыңдап, Шәмші: «Мощно!»
Деген екен, енді бізге не қалды.

Ильямыз «Еділ-Жайық» атанған,
Осы әнімен озып шыққан қатардан.
Шет елдерден бәйге алған әншілер,
Асқақ әнді «Хорға» қосып апарған.

Жаныменен жырлап кеткен қазағын,
Сөзін жазып, тартқан қатты азабын.
Жұбан аға тыңдай жүре, бұл әнді,
Рахатын сезгендігін жазады.

Жиырмадан астам елге танытқан,
Жапондардың құлағына дарытқан.
Үрімшіден Рафила әншімен,
Ильямыз сол сапарда таныcқан.

Біз қазақтар өнер сүйер халықпыз,
Хас өнерге уызынан жарыппыз.
Анталия қаласында Атырау,
Осы әнімен «Гран-При» алыпты.

«Асқақ сазгер» атағыңыз самғасын,
Өнеріңіз жасай берсін санғасыр.
Орын алып жүрегінен халықтың,
Халқымыздың ақ батасын, алғайсың.

## ТОЙ ИЕЛЕРІНЕ ТІЛЕК-БАТА

Тілек айту бізге тисе бұл жолы,
Жанна қызым, құтты болсын із-жолың.
Жат-жұрттыққа жаратылған болған соң,
Жіңішке деп айтады ғой қыз жолы.

Тойларыңыз құтты болсын, құдалар,
Той болған соң, тілек айтпай тұра ма?!
Тілек Алла құлағына шалынсын,
Той батасыз, болған емес, сірә да.

Бүгінгі күн көптен күткен күніңіз,
Үй боп жатыр тілеп алған ұлыңыз.
Тойларыңның қуанышын бөлуге,
Келіп жатқан құдалардың біріміз.

Тілегімді бәрің қабыл алыңдар,
Келген жері келіндерін қабылдар,
Екі жақты құдаларға тілегім,
Араңызға мың жылдық жол салыңдар!

Қонған ұяң құтты болсын, қарағым,
Ақылды жар азаматтың ажары.
Сынға толы ақ босаға аттадың,
Келген жерге жақсы болсаң жарадың.

Берік болсын жас отаудың іргесі,
Қызықты өмір сүріңіздер бірлесіп.
Қуанышқа бөлеп жатқан екі жас,
Ата-анасын ренжетіп жүрмесін.

Берем десе бір Алланың қолында,
Жақсы тілек айтарымның соңында.
Серік құда, құдағайым Нұржауған,
Жыл айналып немерелі болыңдар!

## ШИНЕЛІМЕН ЖЕРЛЕНГЕН ӘКЕМ

Сағындық, әке, біз сені,
Келіп қалар деп, көп күттік.
Сиректеу жедік күлшені,
Кешірдік бастан жоқтықты.

Бозала таңнан оянып,
Қоғамдық малға шөп шаптық.
Күн көру керек, ой анық,
Тары қуырып, от жақтық.

Ерлердің ісін атқарды,
Азамат жоқта аналар.
Шал-шақпыт елді басқарды,
Жасады жұмыс балалар.

Тағдырдың басқа салғанын,
Осылай, әке, көтердік.
Жылдарға жылдар жалғанып,
Сағыныш солай өтелді.

Қосқанда талай өлеңге,
Көз жасым бетке ағылды.
Алпыс екі жыл дегенде,
Зиратың жатқан табылды.

Шинеліңмен жерленіп,
Жатыпсың ғой Орловта.
Белгілі енді өлгенің,
Жатқаныңнан ол жақта.

Жерлепті ақпан айында,
Остров деген ауылға
Колпянск ауданы,
Зиратында бауырлар.

# ӨМІР МЕКТЕБІ

*Қадыр Мырза Әлі мен кездесу әсері*

Жырларының әр шумағы жарайтұғын кәдеңе,
Ұлы ақын келе жатыр, орныңнан тұр сәлем ет.
Рухыңды аспандатып жіберетін жырлары,
Сақтандырып отырады сені әр кез бәледен.

Ұлы ақынның жазған жырын оқырманға жырлатып,
Ұлы ақынмен тірлігінде кездескенің бір бақыт.
Уақытпен күн-түн демей санаспайтын ұлылар
Ұрпағына жыр қалдырар күн ұрлатып, түн қатып.

Шаршамайды, шаршаса да демалуға дәті жоқ,
Айтар ойын айтып тынар, тұрса-дағы басып от.
Өртесе де айта жағын айтып тынар ұлылар,
Шабыт қысса жалт-жұлт етіп жарқылдаған жасын оқ.

Ұлылардың бар жырынан ғұмырлық нәр табылар,
Әр жырына аялдасаң әр сөйлемнің жаны бар.
Ұлы ақынның жырын оқып, жаттап жүрген халықпен,
Мектепте оқып жүрген шәкірттердің бағы бар.

Айтар ойын баяндайды сезімдері дір етсе,
Айтқандары аялдайды қабылдаған жүректе.
Әр өлеңді шығарғанда, жүрегінен толғатқан,
Қиналысың сезбегесін айта алады кім өкпе.

Кеуделерін шабыт кернеп алас ұрса ұлылар,
Таңды көзбен атырады, жер таба алмай тығылар.
Қарапайым адамдардың ғұмырына қызығып,
Шабыт қысса отқа оранған ақын жайын кім ұғар.

Он бес томды оқып көрші, отың шықсын беттегі,
Оқымапсың, оқысаң да жетеңе әбден жетпеді.
Қазақстан гиміне үлес қосқан ұлы ақын,
Ұрпақ үшін, адам үшін өтер-өмір мектебі.

## АРАЛТӨБЕ

Санатында адамдардың зиялы,
Бұл өңірде қанаттанды қиялым.
Осы елде тұрақтадық отыз жыл,
Өсіп-өнді ұрпағымыз ұялы.

Отыз жылдай тұрғанменен тұрақтап,
Мәңгілікке қала алмадық бірақ та.
Халқымен ағайындай араласқан,
Қынжылтады кеткеніміз жырақтап.

Ұл-қыздарым онжылдықты бітірді,
Мен сол елде бастап кеттім ісімді.
Еңбек еттік ерте тұрып, кеш жатып,
Тілемедік біз айрықша күтімді.

Бір ғұмырдың өткіздік тең жартысын,
Туғаныңдай ыстық бізге халқы шын.
Қимасақ та көтерілдік бұл елден,
Замананың жаңа туған наркы үшін.

Ауылдастан ауыл жайын сұраймыз,
Білген жоқпыз болатынын бұлай біз.
«Адам басы, Алла добы» - деген бар,
Мұның бәрі құдреті құдайдың.

Суын іштік, дәмін таттық бұл елдің,
Қимастықпен есіме алып жүремін.
Мойындаймын сағынышым ұлғайды,
Бастан кешпей бұл жайымды білер кім?

Ойымнан бір шықпай қойды апырым-ой,
Сағынышым жасырынып жатыр ғой.
Аралтөбе бес ұл-қызым туған жер,
Сен жайлы айтар емес шығар ақырғы ой.

## ҚАЙРАУ

Қайрау өлең жолдадым қарағыма,
Отырамын қол соғып талабыңа.
Өлеңімнен от алсын деп ойладым
Өлең іздеп иесін табады да.

Екенімді қандай жан топшыларсың,
Оқығанда бетіңнен от шығарсын.
Жай адам боп ортада жүре бермей,
Деп ойладым жасында топты жарсын.

Қара байыр шаруаға, шайырға да,
Сыбағасын сығымдап дайындаған.
Таразысы тағдырдың әділ емес,
Бұлбұлы мен қарғасын айырмаған.

Төр деп ойлап отырсың орыныңды,
Теңестіріп басшыға формыңды.
Саған лайық жұмыс деп жүргенім жоқ,
Көптен бері күзеткен қорығыңды.

Жаралғанмен жыр үшін көкірегің,
Қуаныштан басымдау өкінерің.
Жаның жылап жүргенін байқап жүрмін,
Қасиетім бар сондай, осы менің.

Қосылмайтын шаруаға қосыласың,
Қоңырауды күзетіп отырасың.
Айтқан сыным бағаңды көтергенім,
Қарға болып қарқылдау тотыға сын.

Түсе аласың деп білем таласқа да,
Орысша да білесің, қазақша да.
Бір жағына шыққаның жөн деп білем,
Жыл жылжытып жаныңды азаптама.

Мен танысам қолыңнан іс келеді,
Қолыңа алсаң көп жұмыс күш береді.
Намысыңды қайрадым, қамшыладым,
Мен жас болсам осылай істер едім.

# ЖУРНАЛИСТ - ЕЛДІҢ ҰЛЫ

*Қуанышқали Қабдошұлы Ғұсманов -*
*70 жаста*

Арқалап журналистің батпан жүгін,
Көп жерде жауапты іс атқардыңыз.
Шыңғыралау, Бөрлі, Сырым, Қаратөбе,
Жайында талай сырды ақтардыңыз.

Қорытып көкіректің көрегінде,
Көп еңбек сіңірдіңіз еліңізге.
Журналистер жүгінің ауырлығын,
Бастан кешпей білмейсіз, сеніңіздер.

Ұзақ жыл ақпараттың саласында,
Тарихтың жазды ескі, жаңасын да.
Жұмысының жемісі Қуакеңнің,
Халқының жүрегінде, санасында.

Журналист елдің ұлы - ғажап аты,
Қуаныш Ақсайдың төл азаматы.
Туған жері Бумакөл сағынышы,
Қарымды қаламынан тарап жатыр.

Сіз бен біз көптен бері қаламдаспыз,
Жасымыз да қарайлас, замандаспыз.
Біз Ақсайға келгесін танысарда,
Сізді сырттай білем деп амандастың.

Қуаке, құлақ асқын мына жайға,
Ұрпағың тарихыңды сұрамай ма?
Жолдау хат, оқып тұрған бір кезіңіз,
Бейнебаянға түсті - мұражайда.

Әдемі зейнеткерлік жасыңызда,
Жарыңыз, ұрпақтарың қасыңызда.
Қарт журналист атанған шағыңызда,
Түспесін уайым-қайғы басыңызға.

## АРДАГЕРЛЕР КЕТІП ЖАТЫР АРАДАН

Кеудесіне біраз орден қадаған,
Тағы бір жан кетіп жатыр арадан.
Отан үшін оққа тосқан кеудесін,
Ол Отанын-Анасына санаған.

Ол жас болды, жауынгері қатардың,
Жауынгерге қояр талап қатал тым.
Ол бұйрықты орындауға міндетті,
Бас тартқандар «дизертирлер» атанды.

Астан-кестен соғыс жүріп жатқанда,
Жау ұшағы қалықтады аспанда.
Бомбаларды төгіп-төгіп масайрап,
Жау мәз болды ажал оғын шашқанға.

Сықырлаған аяздарда, атажан,
Ысқырынған борандарда қақаған.
Қар жастанып, жер бауырлап жылжыдың,
Жауды жеңіп, жеттің елге бас аман.

Қара су-ас азап өмір кешкенге,
Тосып тұрды елге аман жеткенде.
Қираған ел, қамыққан жұрт, жоқшылық,
Соғыс көрген сұр шинелін шешкенде.

Шаршаған ел қайта келді қалпына,
Бақыт ортақ, байлық ортақ жалпыға.
Елді аяқтан тік тұрғызған аталар,
Өлмес-өшпес із қалдырған артында.

Қиындықты көрсеңіз де, қаншама,
Елге келе зардабыңды арқалап.
Бұл дәуренге жету үшін ұрпағың,
Еңбек еттің ертелі-кеш жан сала.

Қорғап өлген қан майданда өз елін,
Хош бол, ата, сен әкемнің көзі едің.
Сағынышпен күтуменен өтті өмір,
Жоқтағанда, сан өртенді өзегім.

Мен әкемді өлдіге еш қимадым,
Ардагерді өз әкемдей сыйладым.
Жатқан жерің, мамық болсын, атажан,
Жайлы жерде, жолдас болсын иманың.

# СЫРТ КӨЗ СЫНЫ

Орал мен Атараудың арасында,
Иесіз жер жоқ екен, нанасың ба?
Жол бойын мекендеген ауыл, аудан,
Өсірген ертелі кеш ағашын да.

Көліктер жол бойында ағылады,
Қызыққа санаған жан жаңылады.
Жолдың екі жағына кезек қара,
Өрістен төрт түлік мал табылады.

Ақ тастан үй тұрғызған өлгеніне,
Қос жанар да кінә жоқ көргеніне.
Бет сыйпап отырсын деп өткен-кеткен,
Өліге мұнша көңіл бөлгені де.

Нанбайсың ба, жолға шық, көзіңмен көр,
Мән бер, қара, асықпа, төзіммен көр.
Өмір сүре білгенге бәрі байлық,
Жарлы болсаң, қарағым, өзіңнен көр.

Мамыр айы, дала кең, жайлау жасыл,
Көкшіл аспан ақша бұлт шашып жатыр.
Көз тояттап көңілің, шарықтайды,
Мына біз өмір сүрген алтын ғасыр.

Япыр-ау, мынау менің өз елім бе,
Қолыма қалам алмай төземін бе.
Мақтаныш па, білмеймін, қуаныш па,
Көрікті өлең өрілді өзегімде.

Ел байлығы мұнайы, балықтары,
Ауқатты Атыраудың халықтары.
Бірақта көшесінде көктемеде,
Жоқ екен су ағатын арықтары.

Махамбет пен Исатай бабаларым,
Табиғаттан оқыған дала заңын.
Атқа қонған екеуі дәлелдеп тұр,
Батыста Атыраудай қала барын.

Өсуі де қаланың алған қарқын,
Кездестірген халқының жүзі жарқын.
Шашын қиған әйелдер, шалбар киген,
Бұрмалап-ақ үлгерген қазақ салтын.

Көктемде Атырау да көрікті екен,
Халқы бай, көпшілігі көлікті екен.
Мұнайлы батыстағы Атырауды,
Аралап келген сайын көріп кетем.

Атыраудың халқына айтарым бар,
Сынап алар кей кезде сайтаным бар.
Бай, кедейдің баласы оқитұғын,
Мектептердің жағдайын байқадың ба?

Соңғы коңырау бұл жайды қозғағайсыз,
Артық кетіп әдептен озбағайсыз.
Соңғы қоңырау жетпейді үш сағатқа,
Алты-жеті сағатқа созбағайсыз.

Сырт көз сынын қабылдап алыңыздар,
Сылқ-сылқ аққан Ақжайық жаныңызда.
Бай елдің байлығына мектебі сай,
Дегізіп жаңа мектеп салыңыздар.

## АҚЫН АПА, БАТЫР АПА

*Дәмелі Құсайынқызына*

Ақын жанды, өнер-жырдың кеніші,
Ақ апам-ау, Сізбен нәрлі ел іші.
Еңбек жырын тәрбиеге жалғаған,
Батыр ана тұлғалардың ірісі.

Нәр өзегін соғыс өрті шарпыған,
Тауқымет көп бір басына қарпыған.
Жоқтап жүрсің қан майданнан оралмай,
Жан әкеңді, қорғасын боп балқыған.

Талай боздақ оралмады жайнаған,
Отан үшін деді олар, пида жан.
Мүмкін, қажет болған кезде құлады,
Дот аузына бас көрсетпей қинаған.

Сол әкенің рухынан нәр алып,
Өсті санаң ақындықпен жаралып.
Мойымады, құштарлықты сіздерден,
Мұра қылып алуға біз жаралық.

Жүрегіңді өтті талай, сыз салып,
Соғыс жылдар, кейінгіден із алып.
Саны азайған ардагердің ұрпағы,
«Соғыс баласы» аталатын сіз халық.

Әбден керек сіздер үшін, бұл атау,
Болар кез бар ардагерсіз бар отау.
Кім айтады, шындығын сол уақыттың,
Жұтқан қайғы, шырқыраған сан жоқтау.

Ізің жатыр, ақын апа, жарқырап,
Ісің үлгі саналы адам талпынып.
Өнеріңнің, шабытыңның тұлпары,
Озсын төске әрқашанда арқырап.

**Қабылтай ХАСАНОВ**

## ҚОЗҒАДЫМ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒДАЙЫМДЫ

Ақынды сайрататын көңіл дейді,
Жақсы жыр өздігінен өрілмейді.
Халқының ішкі сырын бөліспесе,
Ақынның парасаты көрінбейді.

Кие алсаң ұлттық киім сән береді,
Іше алсаң үнді шәйін, ән келеді.
Ақынын, бұлбұлдайын сайратуға,
Білмеймін, кімдер қашан мән береді.

Басшылар аяғынан сабылып жүр,
Халықтар секер жетпей ағылып жүр.
Екі есе қымбат шәйді іше-іше,
Шиланның түбі, әбден қағылып жүр.

Үйімде шайға тістер қантымда жоқ,
Айтылмай сөзім жатыр, артымда көп.
Қозғадым әлеуметтік жағдайымды,
Жамандау өзімді-өзім, салтымда жоқ.

1994 жыл

## ҚИЯНАТТАР

Алдымды орап өткен қиянаттар,
Қайрады әр кезеңде намысымды.
Есемді еске түскен тиянақтап,
Кейіннен еселедім табысымды.

Жұқалап жазғанымды қабылдай тұр,
Қазақы әйелге тән тартынғандық.
Кеудемнің зынданынан алынбай тұр,
Қақпағы ашылмаған алтын сандық.

## АЙТЫСҚА ӘЗІРЛІК

Именіп алдарыңа әрең келдім,
Иіліп баршаңызға сәлем бердім.
Ана мен ене көрген келін едім,
Жаулығын сыйлап өскен, әжелердің.

Келгенім жоқ, сан теріп, қақсау үшін,
Совхозды оңды-солды мақтау үшін.
Ақын деп үміт артқан халқымыздың,
Келіп тұрмын, бір сенімін ақтау үшін.

Көргем жоқ, арғы атамды, бергі атамды,
Сыйлаймын ата орнына - Елді, Отанды.
Айтысқа алғаш рет шығып тұрмын,
Туған ел, үлкен-кіші бер батаңды.

Жан едім жүрегім-ақ, жаным таза,
Арымды салмай өскен барымтаға.
Сыйлаған соған орай, тағдыр маған,
Шеберлік, ақындығын қарымтаға.

Қолым бар ою-өрнек кестелеген,
Сөзім бар, інжу-маржан дестелеген.
Қаным бар қазағымнан айнымаған,
Жүрегім қаймықпаған, ештемеден.

Өнердің қай түрінде, қолдап жүрмін,
Бағытын қол өнердің, оңдап жүрмін.
Оюлап киіз үйді, қаптап беріп,
Намысын облыстың қорғап жүрмін.

Сөз алдым, теледидар «Ақшамында»,
Газетім тың-тақырып ашқанында.
Жүргем жоқ, жалғыз бастың, қамын ойлап,
Жүремін жайын ойлап, басқаның да.

Уақыттың ыңғайына жығылайын,
Қарсылас ақыныма бұрылайын.
Әніме құлағың сал, қашқын ақын,
Мен сенің қай жағыңнан ұрынайын.

Көп екен қайта құру, тармақтары,
Халықтар бас көтерді, жан-жақтағы.
Әлділер «аренда» деп, байып жатыр,
Әлсіздер кедейленіп, қалмақтағы.

Ақыннан сұрасаңыз, шаруа жайын,
Жем-шөбім әзірленді, бәрі дайын.
Қымталды қора-қопсы, жылы таза,
Жемейміз бұл жағынан сары уайым.

Қыздар бар темір-тұлпар ерттеген,
Ақыным үлгі алыңдар, келіп менен.
Тойған мен Айғанымға еліктеген,
Үш қыз бар, тракторшы еңбектенген.

Аида, Гүлнарларым мақтандарым,
Жолдардың шығарып жүр, ақшандағын.
Жайы бар космосқа ұшатығын,
Ол жағын неге ойламай, жатқандарын.

## ЕРНАТҚА

*Өтініш бойынша жасқа толған*
*балаға арналған*

Бүгін міне бірге толдың өренім,
Ернат саған арналды бұл өлеңім.
Нұрлы аспан, бейбіт өмір тілеймін,
Туған күнің құтты болсын бөбегім.

Ата-ананды қуантуға туыпсың,
Ел мерейін асыратын ұлық бол.
Адамдық пен әділдікке жуық тым,
Қайрандағы мөлдір судай тұнық бол.

Мақтаны бол атаң менен анаңның,
Өсіп жетіл, сырын ұғын ғаламның.
Қайда жүрсең өсіп-өнген ортаңда,
Алдында жүр өнегелі адамның.

Сен ұрпақсың артымызға қалдырған,
Жігерлі бол, намысты бол, арлы бол.
Әрқашанда ақ күн тусын алдыңнан,
Өсіп ер жет, тең құрбыңның алды бол.

## Қазақтың үй жиһаздары

**Киіз.** Көшпелі және жартылай көшпелі тұрмыс жағдайында мал шаруашылығы өнімдерін өңдеу, оның ішінде жүннен алуан түрлі бұйымдар жасау белгілі бір өнерді, шеберлікті қажет етті. Қазақ халқының өмірінде киіз басу кәсібінің маңызы зор болады. Өйткені киізден алуан түрлі бұйымдар жасалады. Мысалы, әйелдер қой, ешкі, түйе жүнінен жіп иірген, ол жіптен өрмек тоқып, еденге төсейтін алаша, зат салатын қап, қоржын тіккен, киіз үйдің түрлі бау, басқұрларын дайындаған. Сондай-ақ халық қой жүнінен киіз басып, көп мақсаттарға пайдаланған - еденге төсеген, киіз үйдің туырлығын, үзігін, түндігін, ер-тұрманға қажетті тоқым, жабу жасаған, кейде киізден қалпақ тіккен, бетіне түрлі ою-өрнек салып, текеметке айналдырған.

Әдетте киіз басу кәсібі қазақтарда маусымдық сипатта өтетін еді. Ол қойды қырқудан басталады да (қазақтар қойды жылына екі рет - көктем мен күзде қырқып отырған), қырқылған жүннің барлығын өңдеп болғанға дейін созылады. Жүні таза болу үшін қырқар алдында қойды 3-4 рет ағынды суға тоғытады.

Қазақ халқының өмірінде қойдың жүнін өңдеудің ерекше маңызы болды. Қазақтар көктемгі жабағы жүнді күпінің ішіне салған, жіп иіріп, кілем тоқыған, арқан ескен, т. б. бұйымдар жасаған. Киіз басу кәсібі ең бір қажет және маңызды кәсіптің бірі болған. Сондықтан киіз басу жұмысына үлкен-кіші, кәрі-жас демей, шамасы келгендер түгел қатысатын.

Алдымен жүнді ешкі терісінен жасалған тулаққа салып, сабаумен сабайтын. Бұл жұмысқа әдетте жастар қатысқан. Жүн сабаудың мақсаты - жүннің шуашын, оған жабысқан қиыршық тастар мен шөп-шаламды кетіріп, жүнді үлпілдетіп түту болып табылады. Жүн сабалып болған соң басылатын киіздің көлеміне қарай шиді жаяды да, оның үстіне жүнді салып шабақтайды. Бұдан кейін жүнге ыстық су себіп, шиді орайды, бірнеше жерінен арқанмен байлап, екі жаққа ерсілі-қарсылы домалатып тартады. Шидің сыртына жүннің қылшықтары шыққанда шиді жазып, киізді бөлек алады да, адамдар қатар-қатар отырып білекпен әбден дайын болғанша басады. Міне, киіз басу жұмысы осылай жүргізіледі.

**Көрпе** - матаның арасына мақта немесе жүн (әсіресе түйенің) салып тіккен жамылғы әрі төсеніш. Ол жамылғы көрпе және төсек (төсеніш) көрпе болып бөлінеді. Көрпенің астары жай матадан, тысы асыл матадан тігіледі. Жамылуға арналған көрпе бір кісілік, екі кісілік болады. Төсек көрпенің сыртқы астарын маталардың қиығы-нан құрап тіксе, оны «Құрақ көрпе» дейді. Жамылғы көрпенің ұзындығы кісінің бойына лайық жасалады. Баланың бесігіне жабатын көрпені «Бесік көрпе», бала орауға арналған көрпені «Орауыш көрпе» дейді. Бұлардың ұзындығы және ені бесіктің бас-аяғына, баланы орауға кең-мол жететіндей болу керек.

**Жастық** - адамның басына жастауға арналған үй жиһазы. Жастықтың ішіне көбінесе құстың мамығы салынып, сырты матамен тысталады. Оны «Бидай шүберек» деп атайды. Бидай шүберектің сырты әртүрлі асыл матамен қапталады. Оны «Жастық тыс» деп атайды. Жастық тысын ауыстыруға қолайлы болу үшін, түйме қадалады, не бау тағылады. Құстың мамығынан жасалған жастықты «Құс жастық» дейді. Жастық көбіне бір кісілік болады. Ал оның салт атқа мінгендер ер үстіне салатын түрін «Көпшік» деп атайды.

**Құстөсек** - құс жүнінен жасалған жұмсақ төсеніш. Құс төсектің үлкендігі оны төсейтін төсектің үлкен-кішілігіне қарай әр түрлі болады. Қалың матадан ұзындығы мен енін төсекпен бірдей етіп үлкен қанар тігеді де, оның ішіне құстың жүнін толтырады. Құс төсектің сыртын тағы бір қабат асыл матамен тыстайды. Құс төсектің ішіндегі мамық адамның терімен дымқыл тартып, ұйысып қала береді. Сондықтан оны апта сайын қағып-сілкіп, мамықтың ұйысқанын жазып, күн көзіне қойып, желге қақтырып алып отырады. Құстөсек тек жұмсақтығымен ғана емес, жылу сақтағыштырымен де құнды.

**Сырмақ** - киізден сырып, оюлап жасалған төсеніш. Оны жасаудың атадан балаға таралып, дәстүр болып келе жатқан өзендік ерекше салты бар. Сырмақты түрлі-түсті киізден ойып, өрнек салып та, сондай-ақ шымқай ақ киіздің бетіне ақ, қызыл, сары маталардан ою бастырып та тігеді. Сырмақ жасау үшін алдымен ою-өрнек салынған үлгісі дайындалады. Мұндай үлгілерді жасауға қалың қағаз-картон, жұқа

пластмассалар пайдаланылады, пластмассадан жасалған үлгілерді бірнеше рет пайдалануға болады. Сырмаққа керекті ақ, қара киіздер бөлек-бөлек дайындалады, сондай-ақ олар жұқа, әрі тығыз басылуы керек. Киіз басылып біткен соң, бір-біріне беттестіріп, үсітіне дайындалған ою-үлгілерін салып бормен немесе түсті карындашпен сызып, суретін киізге түсіреді. Қазір басқа тәсіл де қолданылады, яғни ою-өрнектің суретін қағазға немесе картонға түсіріп алған соң сол өрнекті бөлек ойып алмай, оның үлгісін картонның бетіне салып, біздің ұшымен сызып із түсіріп алады. Осы әдіспен істелген қағазды екі қабатталған киіздің үстіне салып 5 - 6 жерден инемен іліп, ақ бордың ұнтағымен тесіктердің үстінен еппен себелеп шығады. Киізді беттестіргенде, қара киізді үстіне келтіріп салған жөн, сонда ақ бордың ізі қара киізде анық көрінеді. Осыдан кейін киізге салынған із бойымен екі киізді бірден ойып шығады да, ақ киіздің ойылған оюын қараға, қарасын ақ киізге салып қиюластырып тігеді. Құрастырылған екі түсті киіздің оюын сол қалпымен тұтас үлкен киіздің үстіне салып жапсырады. Оюлардың құрастырылар жерінің үстін бастыра жиектейді. Біріншеден жіптің бояуы ақ, қара киіздің түсінен басқа ашық түсті болады, сонымен қатар жиек бірнеше жиектерден қабатталып иіріледі. Үй тұрмысында сырмақ, текеметтей емес, тұтынуға төзімді, мықты болады. Сырмақтың оюларын құрастырып, үстінен басып тігіп біткеннен кейін, ақ киіздің үстін ақ жіппен, қара киізді қара жіппен жөрмеп тігеді. Осы әдіспен тігілген сырмақ шымыр, қатты болады. Қазақ халқы шеберлерінің қолынан шыққан сырмақтардың бояулары бір-бірімен үйлесімді оюлары жатық, әсіресе ақ пен қара оюдың қосылар жеріне қызыл жиек жүргізу мәнері ерекше көз тартады. Сырмақ жасау өнерінде «қошқар мүйіз» ою-өрнегі көп қолданылады, олар өте дәлдікпен орналасып, бір-бірімен жалғасып ұласып жатады. Қазақстанда жие кездесетін сырмақтарда үш-төрт ою бірігеді де, бір квадрат немесе ромбы құрайды. Бірақ та қошқар мүйізден басқа өрнектер пайдаланылмайды деп кесіп айтуға болмайды, мысалы, Павлодар облысында жасалған сырмақтардың бетіндегі ою-өрнектерде әр түрлі гүлдердің бейнесі көп кездеседі. Сырып тігудің екі түрі болады, біріншісі - жеке жіптің өзімен әрлі-берлі тік шаншып тігу, екіншісі - қос жіппен сырып тігу. Мұнда инедегі жіптің астынан тағы бір жіпті бос төсей оты-

рып сырып тігеді, тігістің бұл түрі машинаның тігісіне ұқсайды. Сырмақты сыру үнемі ою-өрнектердің бағытымен жүргізіледі, бұдан кейін сырмақтың шеттерін тегістеп қиып, шетіне айналдыра жиек бастырады. Сырмақтың жиегін бастыратын жіпті ақ жүннен иіреді

Жиекке арналған жіпті жалаң қабат түрінде біреуін оңқай, екіншісін солақай етіп иіреді, содан кейін оларды өзді-өзіне қосады да, екі қабаттап, екі бөлек етіп тағы иіріп, бояуға салу үшін төгеді де, жарты метр шамасындай етіп келептейді. Жиек жіптерді қазанға салып, суға ерітілген бояумен бірге аударыстыра отырып қайнатады, жіптердің қылшықтары бүріліп, сыптығырланғанда жіптің бояуы қанды деуге болады. Халық арасында жіпке бояу жақсы сіңуі, бояудың түр-түстері ашық болуы үшін, бояу мен суға ашудас, мүсәтір, тұз қосып, аздап май салып бояған. Бояу сіңіп, қайнап боялған жіпті сол келептеулі қалпында сөреге іліп, сағат сайын аударыстырып кептіреді. Әбден кеуіп болған жиек жіптерді оңқай мен солақайын бір-біріне қатар жарыстыра отырып, оны ширатпай-ақ домалақтап орайды. Сонда жиектен қатар түскен ширатындысындағы оңқай иірім мен солақай иірім қарсыласа келіп, біркелкі таңдай өрнегін жасайды. Осы мәнерді кейде шеберлер сырмақтан басқа заттарды жасағанда да қолданған. Мұндай бұйымдарды жасауға қажетті киізді көбінесе оюлап кеспей тұтас пішіп алып, өрнекті жиектің жібінен соның бетіне жапсыра тігеді. Сырмақ тігу өте күрделі, оны құрастырушы шебердің талғамы мен ой-өрісі биік, ою өнерінің иесі болуы керек.

**Текемет** - бетіне түрлі-түсті ою-өрнек басылған киіз, үй жиһазы. Оның күзем жүннен басылған талдырма бетіне ақтай немесе қызылға, көкке, қараға не басқа түске боялған жүнді әр түрлі өрнектеп тартады. Текемет басылатын жүнді де алдымен киіз басылатын жүн сияқты көпсітеді. Текеметті де киіз басқандай әдіспен басады. Алғашқы жартылай басылған түрі **«талдырма»** деп аталады. Бұл әлі толық басылып, қатаймаған кезі. Оны оюлы түр салуға негіз ретінде кептіріп, құрғатып дайындайды. Текемет мықты болуы үшін жартылай басылған екі киізді беттестіріп білектейді. Ою-өрнек негізгі талдырмаға салынады. Текеметтің бірнеше түрі болады. Олардың ішінде шашақты текеметті қымбат маталармен безендіріп жасайды. Мұндай текеметті халық жоғары бағалаған.

**Тұскиіз** - сәндік үшін төсектің тұсына ұстайтын үй жиһаздарының бірі. Оны жасау үшін нығыз басылған, жұқа киіз таңдалып алынады. Тұскиізді безендіріп, әшекейлеу үшін түсты барқыттар, жібек, шұға т. б. маталардан бетіне ою-өрнектер тігіледі. Қазақстанның әр облысында жергілікті қалыптасқан дәстүр бойынша оюды әр түрлі формада жасайды. Мысалы, Батыс Қазақстанда тұскиіздің орта шеніндегі жасыл мақпал үстіне қызыл шұғадан ойылып, тұтас өрнек жапсырса, ал Солтүстік облыста осы күнге дейін тұскиізді матадан оюлап тігу дәстүрі сақталып келеді. Әдетте оюдың шетін сары жіппен жиектеп, кестелеп тігеді. Ал екі жағы мен басына жалпақтау етіп, көк шұға мен мақпал ұстайды. Оған қатарлап, ортаңғы үлгіге қарағанда уақтау, сол тектес қызыл шұғадан ою түсіреді. Тұскиіздің өн бойына екі сызық тартылып тігіледі. Қазақстанның кейбір облыстарында тұскиізді сырмақ оюына ұқсас етіп жасайды. Мұндай тұскиіздердің ортасына ою-өрнек салынады, немесе кестеленіп тігіледі, олардың көлемі де әр түрлі болады. Кейде тұскиізді үйдің жасау-мүлкі ретінде пайдаланады, қыста суықтан қорғану мақсатында керегеге ұстайды, мұндай тұскиіздерді ою-өрнектер салып қалың киізден тігеді. Көкшетау облысында тұскиізді шұғадан ойып, әр түрлі жіппен кестелеп, зерлеп тігеді. Халық арасында зерлеп тігуді жоғары бағалаған. Қазіргі кезде Алматы тұскиіз фабрикасы оның түр-түрлерін шығаруда. Фабрика шеберлері мауытыдан, драптан оюлап сәнді тұскиіздер шығарады. Тұскиіздерге салынатын ою-өрнектердің дайындалуы жалпы сырмақ оюын дайындауға ұқсайды, 3 - 4 түрлі-түсті мауыты үлгісіне салып өрнек іздерін бормен түсіріп, әр түстің оюларын қайшымен ойып алып бір-бірімен жалғайды. Ол үшін күні бұрын тұскиіздің көлемінен үлкендеу етіп шыттан астар дайындайды. Осы дайындалған матаға мауытыдан немесе драптан ойылған оюды түйістіріп, ұннан дайындалған қамырға отырғызып 25 - 30 сағат кептіреді Шыт мата тегіс болу үшін оны ағаштан жасалған рамаға тартып кереді, сонан өрнек жапсырылады. Бұл кептірілген ою-өрнектерін шыт матаға қосып, іс тігетін машинамен әр өрнектің түйіскен жерлерін иректеп тігеді. Тұскиіздің шетін көмкеруге түрлі-түсті жіңішке жіптерді қабаттап иіріп жиек жіптерін дайындайды. Содан кейін жоғарыдан аталған машинамен қамырға отырғызылған драпты шыт матамен үш қабаттап тігеді. Тұскиізге керекті

ою-өрнектерді мамандар әзірлейді. Тұскиіз жасаудың түрлі жолдары мен көптеген түрлері бар. Әрбір шебер осы бір халық арасына кең тараған бағалы жиһазды дайындауға өздерінің барлық шеберліктерін аямай жұмсап келеді.

**Алаша** - әртүрлі жүннен немесе әртүрлі түске боялған мақта мен жүннен тоқылған төсеніш. Оны 2 түрлі әдіспен: түрлі-түсті жіптерді жарыстыра жолақ жасап, әр түсті теріп, көп мәнерлі өрнектер түсіріп тоқиды. Алғашқысын жолақ алаша, соңғысын терме алаша деп, кейде кілем алаша деп те атайды. Алаша енсіз тоқылатындықтан төсеніш, тұс кілем, қоржындар жасағанда бірнеше ендерді біріктіріп тігеді.

Терме алаша тоқығанда оны геометриялық және көкөріс өрнекпен безіндіреді. Мұндай алашаны «терме», «өткерме», «мәймөңке» деп аталатын құралдар пайдаланады. Алашаны Қазақстанның әр облысында жергілікті дәстүрге сай, әр түрлі етіп тоқиды. «Орама теру» тәсілдерімен баулар, алашалар, ал өрмектің арқауы бір түсті жіптен тоқылады. Бұған көбінесе ақ не қызыл түсті жіптер пайдаланады. Тоқу барысында әр түсті жіптерден өрнек салып, оның жібі өрмектің ерсісіне қолмен оралып, арқаумен бекітіледі. Бір түсті теру мәнерімен тек басқұрды тоқиды.

Тақыр алаша тоқу немесе тақыр кілем тоқу Қазақстанда, әсіресе Қызылорда облысында дамыған. Оны жіпті бояп алады да, жай өрмек әдісімен тоқиды. Тақыр алаша тоқу әдісіне жиі пайдаланатын өрнектердің түрлері: жіліншек, омыртқа, кеңірдек, көлденең жолақ кейде ұзын жолақтар.

**Дорба** - құрғақ тамақ немесе әртүрлі ұсақ-түйек заттар салуға арналған ыдыс. Дорбаны матадан не жүн жіптен тоқып жасайды. Матадан тігілген дорбаның аузы бүгіліп, бау өткізіледі. Ішіндегі зат төгіліп қалмауы, сырттан шаңтозаң енбеуі үшін дорбаның аузын бүріп, баумен байлап қояды. Дорба жолға шыққанда алып жүруге де, үйде іліп қоюға да қолайлы.

**Ши тоқу (орау)** - бұрын және қазіргі кезде қазақ халқы мен Орта Азия халықтары арасында кеңінен тараған өнер. Күнделікті тұрмыс пен шаруашылық қажеті үшін тоқылған ши қазіргі дейін кеңінен пайдаланып келеді. Оны киіз үйдің құрамдас бір бөлігі ретінде кереге сыртына тұтуға, сондай-ақ үй ішіндегі ыдыс-аяқ, ошақ басын қоршап қоюға,

киіз үйдің есігіне ұстауға, әр түрлі үй шаруашылық мүддесіне (мәселен, киіз басу жұмыстарына, жаюлы киіз-сырмақтың асты ылғал тартып, бүлінбеуі үшін солардың астына төсеуге, сонымен бірге құрт жаю, тары сүзу т. б.) кеңінен пайдаланылады. Қазақ халқының қолөнері саласында ши тоқу, оған боялған түрлі-түсті жүн орап, өрнектеп безіндіру ісі ғасырлар бойы қалыптасып келе жатқан ұлттық өнері болып табылады. Ши сырт көрінісіне қарай: ақ ши, ораулы ши, шым ши болып үш топқа бөлінеді. Олардың әрқайсысы өз орнымен әр түрлі мақсатқа пайдаланылады. Атап айтқанда, қабығынан тазартылған ақ шиді көбінесе құрт, ірімшік т. б. жаю үшін қолданылатын болса, ұзына бойы әр түсті жүнмен немесе жібекпен оралған шым ши киіз үйдің сәнді жиһаздарының бірі болып табылады. Ал өн бойы тұтас емес әр жерінен аралатып оралған шиді орама ши немесе ораулы ши деп атайды. Бұл да ши сияқты сәндік жиһаздарынын бірі.

Қазақтың ұлттық қолөнерінің ерекше бір түрі - шым ши тоқу. Шым ши тоқуда, негізінен, оюдың композициялық құрылысының маңызы ерекше. Бұл саладағы қазақ шеберлерінің қолданып жүрген қазіргі барлық ою түрлері композициялық жағынан: жекеленген және тұтас ою, бір беткей ұзындық ою, екі жақты ұзындық ою болып бөлінеді. Шым ши тоқу өнерінде кездесетін қазақ оюларының ішіндегі жоғарыдағы аталған жекелеген және тұтас ою формасын «шаршы ою» деп те атайды. Шым ши тоқуда геометриялық ою элементтері ромбы, төрт бұрыш, шаршыдағы жұлдыз, үш бұрыш, көп бұрышты немесе сүйірлі бұрыштанып келген крест тәрізді болып келеді.

Өрнектеп ши тоқу өнерін де қазақ шеберлері қолданған. Олардың ши бетіне салған түрлері «жүзіктеу» деп аталады. Алты шаршыдан кейін, оның екі жағынан шыбық ши, одан кейін алақан ши жалғасады. Алақан шиге түр салынбайды. Көшіп-қонғанда түр салынған жағы түтіліп, тез тозып қалмау үшін алақан ши шым шидің екі жағынан салынады. Кереге сыртынан бір босағадан екінші босағаға дейін шиді айналдыра тұтуды - ши ұстау деп атайды. Ши тарту, оны аршып орау, жүн орап тоқу - ауыл азаматтарының бәріне ортақ жұмыстар. Жалпы ши тоқу өнерімен кең түрде әйелдер айналысқан, осы өнерді білетін шеберлер шиден өздеріне керекті күнделікті тұрмысқа пайдаланатын заттарды тоқып алған. Ал шиді тарту, оны көлікке тиеп, түсіру

ауыр жұмыстарын ер азаматтар атқарған. Тоқылатын шиді мал баспаған жерден ши өсіп жетілген кезінде тартып (суырып) алады. Шиді таңертең немесе жаңбырдан кейін тартады, мұндай кезде шидің түбі жібіп суырылғыш болады. Тартып әкелген шидің бәрі түгелдей тоқуға жарамайды, сондықтан олардың жарамдысын іріктеп алады, қабығын аршиды, содан кейін көлеңке жерге қойып кептіреді. Ши ораудың екі түрі бар. Бірішісі - тоқулы тұрған даяр шидің өрнегіне сала отырып орау, екінішісі - жаңа өрнек суретінің үлгісімен тоқу. Шиді бірінші түрмен тоқу үшін оларды бір-бірлеп тоқылған даяр шидің өрнегінің үстіне салып, дәл келтіріп, әр түсті оралған шидің буындарын, санап отырып орайды. Осылай оралған шилерді араласып кетпеу үшін өрнегіне сәйкес келтіріп, өз алдына бөлектеп шуда жіппен тізіп отыру керек.

Шиді жаңа өрнек суретімен тоқудың айтарлықтай өзгешелігі болады, алдымен шиді орайтын үлгі жасалуы тиіс. Орайтын жіптердің түсі осы үлгідегі өрнектер суретіне сәйкес болуы керек. Шидің бір шеті жұқа, екінші жағы қалың болып кетпеу үшін орайтын шидің түп жағымен шашақ жағын үнемі кезектестіріп, алмастырып салып отыру керек. Ши тоқитын жіпті екі қабаттап ширатып, бірнеше домалақ етіп дайындайды, бұл домалақтарды салмақты ету үшін темірге немесе тасқа орайды. Ши тоқу үшін ашасы бар екі ағашты белгілі қашықтықта тік қадап, екі ашаға көлденең ағаш қойып, арнайы жасалған қарапайым станок пайдаланылады. Станоктарды киіз үй ішіне немесе жабық бастырма астына орнатады. Ашанын үстіне қойылған, арқалықтың биіктігі 120 -130 см, түрегеліп тұрып тоқуға ыңғайлы болғаны абзал.

Станок (сырық) дайын болған соң, тас салмаға оралған жіптерді арасын 10 -15 см етіп жалпы саны ши талының ұзындығына байланысты арқалыққа көлденең асады. Содан соң бірінші шиді жіп үстіне салып салманы әрлі-берлі айқастыру арқылы шалып бастырады. Осылай көлденең сырықтың үстіне салынған ши бастан-аяқ тоқылғаннан кейін екіншісі салынады, осы тәртіп ши тоқылып біткенше қайталанып отырады.

Тоқылатын шидің екі шеті берік болу үшін шидің басталатын жағы мен аяқталатын жақ шетіне үш-төрт шиді қабаттап, әуелі өз алдына бір рет, ширатылған жүн жіппен айқастыра үшбұрыштардың тізбегі сияқты етіп байланыс-

тырады. Бұл жерді шидің «алақаны» деп атайды. Шиді баулау үшін қарақұсқа бекітілетін бауды «шибау» дейді. Тоқылып болған шидің бас аяғын тегістеп қырқады, кейбір шеберлер осы қырқылған шидің екі жақ шетін әдемі матамен көмкеріп тігеді.

**Сандық** - киім-кешек, тағы басқа да заттарды салуға арналған, ағаштан жасалған бұйым. Сандық - халықтар тұрмысында ерте кезден пайдаланылып келе жаткан ең ежелгі жиһаздың бірі. Көшпенді халықтар үшін ол өте-мөте қолайлы болған. Сандықтың аузына көбінесе ішкі құлып, кейде аспа құлып орнатылады. Сандықты жерге қойғанда түбі дым тартпау үшін оның астыңғы төрт бұрышымен үйлестіре тақтайдан бұрыштап аяқ орнатады. Сандықтық беті әр түрлі бояумен сырланып, өрнектеледі не айшықты қаңылтырмен, кейде өрнекті сүйекпен қапталады. Сандықтың екі бүйіріне тұтқа орнатылады.

**Сандыққап** - сандықты бүлінуден сақтау үшін, сыртына кигізетін киіз қап. Киізді сандыққа өлшеп пішіп, сандықтың қақпағына тура келетін бетінен сандық сиярлықтай ауыз қалдырады да, қалған қосындыларын шуда жіппен тепшіп тігеді. Жүкке жиналған сандық қап кигізілген кезде де сәнді көріну үшін, сандыққаптың алдыңғы бетіне кесте тігіледі, түсті асыл мата тұтылады. Сандыққаптың сандық тұтқасына дәл келетін тұсы өлшеп тесіліп, тұтқалар сыртқа шығарылып қойылады. Бұл сандықты қабымен көтеруге қолайлы болады. Сандыққаптың аузы матадан ызылған баулар немесе түйме арқылы жабылады.

**Абдыра** (әбдіре) - үй тұрмысында қолданылатын жабдықтың бір түрі, яғни киім-кешек немесе басқа да бағалы бұйымдарды сақтауға арналған сандық. Оның көлемі әртүрлі болады. Абдыраны мықты, әрі жеңіл ағаштың тегістеп жонылған тақтайынан қиюластырып жасайды. Абдыра бір түсті сырмен боялып, кейбірінің алдыңғы беті сәнді болу үшін түрлі өрнектермен әшекейленген жұқа қаңылтырмен қапталады. Қозғауға ыңғайлы болу үшін абдыраның екі бүйіріне қос-қостан төрт тұқа орнатылып, қақпағына құлып салынады.

# БІЗБЕН ТОҚУ

*(Бізбен тоқу үлгілері 30-32 беттерде көрсетілген)*

Бізбен тоқу үшін жүн, жартылай жүн, жібек, мақта жіптерді, қоян және ешкі түбітінен иірілген жіптерді, синтетикалық жіпті т. б. пайдалануға болады. Қосымша жіп қосып жуандату немесе жіпті жіңішкерту есебінен, затты қалың не жұқа етіп тоқу (біз бен жіп диаметрінің әртүрлілігі) арқылы, пішілген үлгіге немесе есепке сай тоқу үлгісі өзгеріп отырады.

Тоқу біздері түзу, екі жағы немесе бір жағы ғана ұшты және илме (айналдыра тоқитын) болып келеді. Әдетте біз жіптен екі есе жуанырақ болуы керек.

Тоқылған заттардың түрлері: а) біртегіс - оң және теріс жағы болады, оны ұзынынан немесе керісінше түзу екі бізбен яки илмелі сымды айналдыра тоқиды; ә) бітеу етіп - айналдыра тоқылады, мұны тек оң жағынан және 5 бізді немесе илмелі сымды пайдаланып тоқиды.

Айшықтардың тоқылу жолын көрсеткенде, әдетте, тақ қатарлар - оң, жұп қатарлар - теріс жақты білдіреді.

**Алғашқы қатар.** Жіпті сол қолға алады *(1-сурет).* Екі бізді біріктіре ұстап, тоқылатын шүйке жіптің астынан өткізеді *(2-сурет),* сұқ саусақтағы жіпті бізбен іліп алып, бас бармақтағы жіпті шалу арқылы өткізеді. Бас бармақты шаладан босатып, жіпті тарту керек. Әрбір келесі шалуды шығару үшін осы әдістерді қайталайды. Сонда алғашқы қатарды құрайтын жіптер тізбеге шығады *(3-сурет).*

**Шеткі шалулар** - әр қатардың бірінші және соңғы шалулары. Бірінші шеткі шалуды (қатардың басындағы) оң бізге тоқымай алады. Тоқыма жолақ салынып немесе әр түрлі жіптермен өрнектеліп тоқылған кезде бірінші шеткі шалу басқа түсті жіпке ауысарда жіпті ең шетінде бекітетіндей етіп оң шалу жасайды. Қатардың соңғы шалуы оң немесе теріс шалумен тоқылады.

**Шеткі жиек.** Жиек шеті түзу болып (бұрымша) шығу үшін қатардың соңғы шалуын теріс алу керек те, ал келесі қатардағыны оң бізге тоқымай бос алады (мұндайда тоқылатын жіп біздің артында қалуы қажет). Жиек шеті

біртегіс болмауы (тісті) үшін қатардың соңғы шалуын оң тоқып, бұл шалу бірінші болатын келесі қатарда оны тоқымай алады.

**Оң және теріс шалуларды** екі түрлі тәсілімен тоқуға болады.

1 - тәсіл - оң шалу бергі жіп арқылы тоқылады, яғни оң қолдағы бізбен сол қолдағы біздің бойындағы жіпті іліп алып шығады *(4-сурет)*. Бұған *(4-а суретте)* көрсетілгендей теріс шалу сәйкес келеді.

2 - тәсіл - ескі тәсіл, сондықтан осылай алынған шалуларды кейде «әженің шалулары» деп атайды. Оң шалуды арғы жіппен, яғни оң қолдағы бізді оңнан солға қарай өткізіп тоқиды *(5-сурет)*. Оған *(5-а суретте)* көрсетілгендей теріс шалу сәйкес келеді. «Әженің шалуларымен» тоқыған жөн, себебі мұндайда тоқыма тығыз болып шығады. Бедерлі айшықтарды бұл шалулармен тоқудың қажеті жоқ, себебі олар біртегіс болады, ал кейбір айшықтар (негізінен бос шалуы бар кезде) мүлде өзгеріп кетеді.

**Бос шалудың** тура және кері түрлері болады. Тура бос шалу *(6 - сурет)* оң қолдағы бізді тоқылатын жіптің астына оңнан солға қарай салады. Кері бос шалу *(6а - сурет)* оң қолдағы бізді тоқылатын жіптің астына солдан оңға, өзінен кері қарай өткізеді. Кері бос шалу барынша сирек қолданылады, себебі көптеген айшықтар (ағылшын резинкасы және т. б. сияқты) бұзылып кетеді, ал өрнекті айшықтарда мұндай бос шалудың тор көзі тым үлкен болады.

**Шалуларды азайту.** Детальдарды тоқу барысында шалуларды азайту түрлі тәсілдермен жүзеге асады (бекіту, бір шалуды екінішсінен өткізу, әдетте олар белгілі бір модельдің сипаттамасында көрсетілді). Тоқыманың шетінен бір шалудан азайта отырып, көбіне оны екі шалуды біріктіре қосып алу арқылы бекітеді. Көп санды шалуларды (ең соңғы қатардағыдай) бірінен соң бірін бекітеді. Шалуларды тоқыманың оң қатарында да, теріс қатарында да азайтуға болады. Егер сипаттамада шалуларды қатар аттатып бекітеді десек (мысалы, ойынды жасағанда), бұл оларды бір жақ шетінен тек оң қатарда, екінші жақ шетінен теріс қатарда бекітеді деген сөз.

**Екі шалуды жоғарыдан бірге алу.** Оң қолдағы бізбен сол қолдағы біздің бойындағы 2 шалуды 2-шалу жағынан тоқыманың алдынан алу (солдан оңға қарай, *7-сурет*).

**Екі шалуды төменнен бірге алу.** Оң қолдағы бізбен сол қолдағы біздің бойындағы 2 шалуды 1-шалу жағынан тоқыманың артынан (оңнан солға қарай, *7а-сурет*) алу.

**Үш шалуды бірге алу** түрлі тәсілмен тоқылады: а) оң қолдағы бізбен сол қолдағы біздің бойындағы 3 шалуды тоқыманың артын 1 - шалу жағынан (оңнан солға қарай, *8-сурет*) іліп алады; ә) оң қолдағы бізбен сол қолдағы біздің бойындағы 3 шалуды, үшінші шалу жағынан (солдан оңға қарай) тоқыманың алдына қарай алады *(8а-сурет)*, б) ортаңғы шалу мен бірінші шалудың орнын ауыстырып, содан соң 3 шалуды тоқыманың артындағы 1-шалу жағынан (оңнан солға қарай, *8б, 8в-суреттер)* алу керек.

**Екі шалуды біріктіріп теріс шалумен алу.** Оң қолдағы бізбен сол қолдағы біздің бойындағы 2 шалуды бірінші шалу жағынан (оңнан солға қарай) іліп алып, теріс шалумен тоқиды.

**Екі шалуды біріктіріп айқасқан теріс шалумен алу.** Оң қолдағы бізбен сол қолдағы біздің бойындағы 2 шалуды 2-шалу, тоқымының арғы беті жағынан (солдан оңға қарай, *9-сурет*) іліп алып, теріс шалумен тоқиды.

**Шалуларды көбекту.** а) бір оң, бір теріс шалуды кезектестіре отырып бір шалудан бірнеше шалу шығарады *(10-сурет)*, ә) бар шалулардың арасынан жаңа шалу шығарады *(10 а-сурет)*, б) бос шалу арқылы (1 бос шалу, 1 оң шалу т. б.), в) сол қолдағы бізге алынған бос шалуды келесі біздің арт жағынан солдан оңға қарай тоқиды (*10 б-сурет* - жабық қосылыс деп аталады).

**Өрнекті тоқыма.** Өрнекті тоқыма шығару үшін оң қолдағы бізге бос шалу алады. Осыдан қосымша шалу пайда болады, бұл суретке сәйкес не қалдырылады, не азайтылып кетеді. Бос шалу алынған жерде торкөз пайда болады. Торкөз кеңдеу болуы үшін 2 бос шалуды қатар алады да, олардың біреуін келесі қатарда оң не теріс шалумен тоқып,

екіншісін босатып жібереді немесе бір бос шалуды оң, келесісін теріс шалумен яки керісінше тоқиды.

